



ҚАЗАКҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

||

qazaquni2000@gmail.com

||

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

|| №49-50 (867-868), 9 желтоқсан, 2019 жыл

ОРЫСТАНҒАН ҚАЗАҚ ӨЗІНІҢ ҮЙРЕНШІКТІ ОРЫС ТІЛІ ҮШІН ҚАЗАҚ ҰЛТЫН ҚҰРБАНДЫҚҚА ШАЛЫП ОТЫР



Ұлттық Кеңестің алғашқы отырысы елдің ерекше ықыласын аударып, үлкен үмітін оятты. Мұнда бұрын пікірталас алаңдарында айтылып жүрген көп саяси-қоғамдық, әлеуметтік мәселелер ортаға салынды. Әсіресе, «мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті басқару органдарында орыс тілі қазақ тілімен ресми түрде тең қолданылады» делінген Конституциядағы 7-баптың 2-тармағын, қазақ тілінің шын мәнінде азаттық ала алмай келе жатқанының басты себебін алып тастауды ақын Қазыбек Исаның талап етуі – сенді бұзған сенсациялық оқиға болды.

6
бет

ТОЛҒАУЫ ТОҚСАН ТАҒДЫРЛАР

Оралхан Бөкей – артына мол мұра қалдырған қаламгер. Оның суреткерлік сыр-сипатын саралап, даралап сыни еңбектер жазу әлі де болашақтың еншісінде. Мына дүние Оралханның Мемлекеттік сыйлық алған кітабындағы шырайлы шығармалары туралы толғаныс қана.

8-9
бет

Ислам ӘБИШЕВ:

ПРОКУРОР МЫРЗА

**УАҚЫТЫ ЖОҚ БОЛСА БІЗБЕН БІРГЕ ОТЫРЫП
ДАЙЫНДАЛСЫН, БІЗДЕ УАҚЫТ ДЕГЕНІҢІЗ ӨТЕ КӨП!**

28-қараша күні И.Әбішевтің сотында іс материалдарын зерттеу-зерделеу одан әрмен жалғасты. Біз күннің қорытындысын айтуды қорғаушы Мәкіш Есқараевты өтіндік. Ол былай деді: «Түске дейін екі сарапшыдан куә ретінде жауап алынды. Олар бұрын төрт сараптама жасаған сарапшы Құдайбергенованың тұрғысынан әдістеме бұзылғанын, ол қызметкердің тәртіптік жауапкершілікке тартылғанын айтты.

10
бет

АДАМ ӨМІРІН НЕГЕ ҚҰНСЫЗДАНДЫРЫП ЖІБЕРДІК?

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Ержан Аманиязовтың айтуынша, 2019 жылдың 9 айында еліміздің өндірістік нысандарында 24 апат болып, 18 жұмысшы зардап шегіп, 10 адам қаза тауыпты. Өндірістегі өлім өсімі 1,7 есеге артқан.

3
бет

КАК УГАС «БИБЛЕЙСКИЙ РАЙСКИЙ САД» В ГОРАХ АЛАТАУ

В октябре этого года произошел чрезвычайный случай: вырубили уникальный яблоневый сад в предгорьях мегаполиса, где выращивали «Золотое превосходное», «Кандиль» и редкий красный «Апорт», и украли чернозем! Президент Касым-Жомарт Токаев назвал это варварством.

12
бет

БЮДЖЕТ ЕРЕЖЕЛЕРІ БЕКІТІЛДІ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев республиканың үш жылдық бюджетіне, қалалар арасындағы трансфертқа және ұлттық қордан төленетін қаржыға байланысты заңнамаларға қол қойды.

Атап айтсақ, мемлекет басшысы «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2020-2022 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы», «Ұлттық қордан республикалық бюджетке кепілдік берілген трансферттің өлшемдері бекітілетін «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2020-2022 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» және «Қазақстан Республикасының



кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарын бекітті.

Аталған заңнамаларда Қазақстан президентінің қоғамдық жұмыскерлер, ұстаздар және мәдениет қайраткерлерінің жалақысын көтеру және тағы басқа да нұсқаулықтары атап көрсетілген.

МҰҒАЛІМ МӘРТЕБЕСІ ЗАҢДАСТЫРЫЛДЫ

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында «Педагог мәртебесі туралы» заң жобасы екінші оқылымда мақұлданды. Бұл мәселе біздің қоғамда бірнеше жылдан бері талқыланып, өз шешімін таппай келгені белгілі.

«Заң жобасы педагог қызметінің өзекті әлеуметтік және кәсіби мәселелерін шешуге, педагогтарға жүктемені азайтуға, оларды көптеген тексерулерден, сондай-ақ оларға тән емес функциялардан қорғауға, жұмыс істеп жүрген педагогтар үшін ынта-

ландыру шараларын белгілеуге, жастарды мамандыққа тартуға бағытталған», — деді депутат Әбдіманап Бектұрғанов. Осы орайда ол депутаттық корпус енгізген басты түзетулерге тоқталды. Оның айтуынша, 2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап орта білім беру ұйымдары педагогтары үшін нормативтік оқу жүктемесін 18-ден 16 сағатқа төмендету жөніндегі норма бекітілді. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында халықаралық олимпиадалардың, конкурстар мен спорттық жарыстардың жеңім-

пазын дайындаған педагогқа үш лауазымдық айлық ақы мөлшерінде бір жолғы сыйақының төленуін көздейтін норма енгізіліп, «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағымен марапатталған педагогқа 1 000 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы төлем белгіленеді. Сол сияқты ауылдық жерлерде жұмыс істейтін педагогтарға жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін басым тәртіппен беруге кепілдік белгіленеді. Құжат Парламент Сенатының қарауына жіберіледі.

ҚАРЖЫГЕРЛЕР ҚАНША ЖАЛАҚЫ АЛАДЫ?

«Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Қайрат Келімбетов журналистер алдында АХҚО қызметкерлерінің еңбекақысы туралы айтып берді.

Оның нақты болмаса да жорамалдап айтуынша, АХҚО қызметкерлерінің жалақысы «Бәйтерек» холдингі деңгейінде белгіленген көрінеді. «Менің ойымша, «Бәйтеректе» басқарушы персонал орташа есеппен 5 мың доллар шамасында алады», — деп нақтылаған болды Қ.Келімбетов Парламент Мәжілісінде тілшілер сауалына жауап беру барысын-

да. Сонымен қатар ол АХҚО қызметкерлері бонустар алмайтынын айтты. Еліміздегі қай салада болмасын онда еңбек етіп жатқан адамдарымыздың жоғары жалақы алғанына ешқим қарсы емес, Құдай ішарлықтан сақтасын. Бірақ біздің басшылар қызметкерлерінің жалақысын жариялауға келгенде «аналармен бірдей, мыналармен бірдей» деп жұмбақтауды қашан қояды екен. Келімбетов «Бәйтеректегі» адамдардың айлығын өзі барып тексеріп көріп пе? Ашық, нақты айтса, олардың айлығын біреу барып тартып алайын деп жатқан жоқ қой. Әлде көз тиіп кетеді деп қорқа ма?..

ДӘРІ БАҒАСЫН БАҚЫЛАУҒА БОЛАДЫ

Алматы тұрғындары дәрінің бағасын өздері реттеп отыратын болады. Сол мақсатта Алматы қалалық Тауарлар мен қызметтер сапасын бақылау департаменті dari.kz қосымшасын апробациядан өткізіп жатыр.

Енді тұрғындар осы қосымша арқылы дәрілердің бағасын салыстыра алады. Қосымшада дәрінің қорабы маркерленгені, бағасы, қауіпсіздік пен сапа тұрғысынан тексеруден өткен-өтпегенін көруге болады. Сонымен қатар, пациенттер өз

пікірлерін де қалдыра алады. «Егер адам дәрінің бағасы дәріханада негізсіз қымбат қойылғанын көрсе, қорапты суретке түсіріп, қосымша арқылы жіберсе алады. Дәрілердің бағасы ҚР ДСМ интернет ресурстарында көрсетілген. Егер кәсіпкер дәрі бағасын тым қымбаттатып жіберген болса, аймақтық департаменттерге арыз түсіруге болады. Мұндай құқықбұзушылық үшін өкімшілік жаза қарастырылған», — деді қалалық Тауарлар мен қызметтер сапасын бақылау департаментінің баспасөз қызметінен.

РЕФОРМАЛАРДЫҢ САНЫН ЕМЕС, САПАСЫН АРТТЫРУ КЕРЕК

Бұл туралы Сенаттың жалпы отырысына келген ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовке сенатор Бектас Бекназаров ескертті.

«Бүгінгі талқылау барысында шетел тәжірибесі дегенге көбірек көңіл бөліп отырмыз. Шетел тәжірибесінде барлығы дұрыс деп кім кепілдік беріп айта алады?! Әр мемлекеттің өзінің тиісті құрылымы, заңы, ділі мен ерекшелігі, талаптары бар. Сондықтан, шетел тәжірибесі деген мәселеге тоқталсақ, ол қаншалықты біздің мемлекеттің мүддесіне сәйкес келеді? Осыған назар аударуымыз керек. Мысалы, Жапонияда 12 жасқа дейінгі баланы мектепте тек қана жапон тілінде оқытады. Соның арқасында жапон тілі өз деңгейін жоғалтпай, барлық жерде кеңінен пайдаланылуда», — деді Б.Бекназаров Сенаттың жалпы отырысында. Бұл тұрғыда ол шетел тәжірибесін ұсынар алдында осы жанашылдықтар мемлекетіміздің мүддесіне қаншалықты сай келетінін тыңғылықты

пысықтау керектігін атап өтті. «— Асхат Қанатұлы, өзіңіз басшылық жасайтын білім және ғылым саласындағы реформалардың санын ғана емес, сапасын арттыру керек. Кез келген реформаны тиімділігіне баса назар аудару қажет. Ол қаншалықты қажет? Келтіретін зиянды тұстары жоқ па? Пайдалы әрі ұтымды бағыттар қандай? Атап айтқанда, осы сұрақтарға нақты жауаптар болуы тиіс. Қандай да бір реформаны іске асырмас бұрын, алдын ала және жан-жақты зерделеу жұмыстарын жүргізіп, оны қоғамдық талқыға салу керек. Білім саласының жағдайына қазір қоғам қандай баға беріп жатқанын бәріміз жақсы білеміз. Қоғам үшін өскелең ұрпақты тәрбиелеуде, яғни осындай маңызды мәселелерде асығыстық жасауға болмайды», — деді Бектас Бекназаров.

ТӘЖІБАЕВА ТАҒЫЛЫМЫ

Алматыда Қ.Сәтбаев атындағы геология институтында академик, профессор, Орта Азия мен Қазақстан әйелдері арасынан шыққан тұңғыш геолог ғалым, көрнекті мемлекет қайраткері Патшайым Тәжібаеваның 100 жылдық мерейтойы аталып өтті.

Мерейтойға ғалымның алыс, жақын жиырма мемлекеттен арнайы келген әріптестері мен шәкірттері қатысты. Мерекелік шарада ҚР Ұлттық инженерлік академиясының вице-президенті Надир Надиров, мемлекет қайраткері Биғамал Рамазанова, Төле би ауданындағы П.Тәжібаева атындағы №3 мектептің директоры Қалима Ижанова, ғалымның қызы, академик Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің оқытушысы Құралай Аққошқарова, Шымкент қаласының бас директоры Дулат Әбіш, жазушы, ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сәбит Досанов, Қазғұрт ауданындағы П.Тәжібаева атындағы мектептің оқу ісінің меңгерушісі Алтыншаш Қанылиева, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың құттықтау хатын тапсырған әкімнің кеңесшісі Данияр Әлиев,



Алматы қаласы Бостандық ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Хамит Біржанов Патшайым Тәжібаеваның ғалымдығын, ерен еңбегі мен қайраткерлігі жайлы ой толғап, оның жоғары адамгершілігі жайлы тебірене сыр шертті. Атақты ақын Мыңбай Рәш Патшайым Тәжібаева жайлы өлеңін оқып, әнші, композитор Шәміл Әбілтаев кешті әнмен көмкерді.

Кеште «Патшайым десе Патшайым» — «Ее иям — Патшайым» атты қазақ, орыс тілдерінде жарық көрген кітаптың тұсауы кесілді. Мұнда ғұлама ғалым жайлы әсерлі, мазмұнды естеліктер топтасқан. Осы шара аясында «Аса көрнекті ғалым Патшайым Тәжібаеваның Қазақстандағы геология ғылымына қосқан үлесі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми конференция өткізілді.

«ӘБІШ ӘЛЕМІ» БАЙҚАУЫ МӘРЕГЕ ЖЕТТІ

Әйгілі жазушы, Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлының 80 жылдығын еліміз кеңінен атап өтуде.

Маңғыстаудың маң даласындай маңғаз, Сарыарқаның сайын даласындай кең, Алатаудай асқақ, Атыраудай айдынды да, терең, шалқар шабытты қаламгерді қалай ұлықтасақ та жарасады. Аңызға айналған, абызға айналған нағыз нартұлаға арналған ауқымды шаралардың бірі елордадағы Ұлттық академиялық кітапхана ұйымдастырған (жетекшісі Үмітхан Дәуренбекқызы) «Әбіш әлемі» оқу конгресі мен

шығармашылық байқауы болды. Алаш жолын ұстанған «Ақ жол» партиясы бұл маңызды рухани шараға өз үлестерін қосып, екі сыйлыққа демеушілік жасады. «Әбіш Кекілбайұлы — кеменгер көсемсөзші» сыйлығын «Ақ жол» партиясы, төрағасының орынбасары, ақын, Халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты, Халықаралық С. Есенин атындағы сыйлық — «Алтын Күз» ордені иегері Қазыбек Иса тапсырды.

Байқау бойынша барлығы 20 жүлде тағайындалған болатын. Екі Гран-При жеңімпазы атанған жазушы Тұрсын Жұртбай мен ақын Серік Ақсұңқарұлы марапатталды.

Адам баласына өмір бір-ақ рет берілетіні белгілі. Кімге болса да одан қымбат, одан асқан асыл қазына жоқ. Қамшының сабындай ғана соқ қысқа ғұмырды әркім өзінше кешеді. Біреулер ерінбей еңбек етіп, ешкімнің ала жібін аттамай адал өмір сүрсе, енді біреулер өзгенің есебінен пайда тауып, арамдық пиғылмен өктемдігін жүргізіп, қулықпен күн көреді. Қалай болғанда да, Жаратқан иеміз жарық дүниеге әкелген соң әркімнің де өмір сүруге толық қақысы бар. Сондықтан да бүгінгі күні әлемдегі барлық елдерде адамның өмірі мен құқығы мемлекет тарапынан заң бойынша жан-жақты қорғалады.

рет ұсынды. Мемлекет апаттар мен зілзаладан келетін экономикалық шығынның ауқымын білген кезде ғана адамдарды бағалай бастайды», – деді фракция жетекшісі. Азат Перуашев өндіріс орнында 5 адамнан көп қаза тапқан жағдайда ғана апатты зерттеу бойынша мемлекеттік комиссия құрылатынын сынады. «Неге 5 адамнан асқан жағдайда? Бұл шарт қайдан алынған?» – деп сұрады заң жобасын әзірлеп әкелгендерден. «Қылмыстық заңнамада 2 және одан көп адам қайтыс болған жағдайда ғана ерекше жауапкершілік туындайды. Сонда өндіріс орнында төрт-бес жұмысшы қаза тапса, мемлекеттің қатысы жоқ болғаны ма? Мұндай көзқараспен келісе алмаймын!» – деді ол. Бұл ұстанымды басқа да

ақша бөліп, мамандарды оқытып, бүгінгі заманға сай, қауіп-қатері аз жаңа құрал-жабдықтар сатып алып, жағдайды жөндеуге болатын еді ғой. Біздің кәсіпорындарда ол сирек кездесетін көрініс. Тойымсыз кәсіпкерлер артық ақша шығарғысы келмейді, қалтасының қамын ғана ойлайды. Өздерін асырап отырған жұмысшылар аштан қырылып, шахтада көміліп қалса да оларға бәрібір. Бұл тура-сын айтқанда – «Есектің еңбегі адал, еті арам» – дегенді ашық білдірмей ме? Өйткені, олар біздің мемлекет пен халық алдында ешқандай жауапкершілікті сезінбейді, осы күнге дейін сезінген де емес. Солардың көбісі шетелдік компаниялар. Сонда олармен келісім-шарт қалай жасалған?

Ауыр еңбекке сай лайықты жалақы төлемей, жұмысшылардың отбасын айлап аш қалдырғаны өз алдына, ол келгелі осы компания қарамағындағы кәсіпорындардағы орын алған түрлі апаттарда жүзден аса адам мерт болды. Айталық, тек қана ресми деректер бойынша, 2002 жылы Ленин атындағы шахтадағы жарылыста 13 адам қайтыс болды. 2004 жылы «Шахтинск» кенішінде 23 кенші өліп, 3 адам өмірлік мүгедек болып қалды. 2006 жылғы 26 қыркүйекте тағы да сол Ленин атындағы шахтада қайталанған алапат апат 41 кеншіні қара жерге тірідей көмді. Одан кейін бір жарым жыл өткенде «Абай» кенішінде жарылыс болып тағы да 30 адам кеніште көміліп қаза тапты. Қарағанды облысындағы 8

болса оны Үкімет неге ашық айтпайды? Мүмкін біздің басшылар үндіс миллиардермен жең ұшынан жалғасып, өзара жеке бастарының, өз пайдаларын жасап жатқан шығар? Мысалы, Митталдың өз отанында темір балқытатын жаңа зауыттар саламын деген жоспарына жергілікті тұрғындар, яғни өз қандастары – үндістер үзілді-кесілді қарсы шығып, табандылықтың үлгісін көрсетті. Табиғаты бұзылған таза жерді мекен ететін фермерлер «Бізге темір емес, тұтынатын таза өнім керек!» – деп, өліспей беріспейтінін ашық білдірді. Тағы бір мысал, Украинада Митталды тәубесіне келтіргені туралы жақында хабар таратылды. Жаңадан келген президент Владимир Зеленский қатан талап қойып, Митталдың кәсіпорындарын экология талаптарын орындауға, жұмысшыларға лайықты жалақы тағайындауға қол жеткізді. Ал, біз ше?..

Азат Перуашев шетелдік компаниялармен келісім-шарттарды қайта қарауға шақырып, ірі шетелдік инвесторлардың Қазақстан экономикасына неғұрлым лайықты үлес қосуы туралы мәселені көтеруі өте орынды. Бұл туралы «Ақ жол» партиясының төрағасы 29 қарашада Мәжілісте «Атамекен» ҰКП-мен болған кездесуде Мәжілісте сөйлеген сөзінде ашық айтты. Осы жерде Мәжілістің 80 пайыздан астамын құрайтын «Нұр Отан» партиясына қарағанда саны жағынан анағұрлым аз болса да еліміздің экономикасының тәуелсіздігін, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық мәселесін жиі көтеретін «Ақ жол» партиясының белсенділігін атап өткеніміз жөн.

Біздің бүгінгі әңгімеміз өндірістің еңбек қауіпсіздігі жайында болып отыр. Оның адамдарымыздың өміріне тікелей қатыстығын ескерсек бұл мәселеге бей-жай, атүсті қарауға әсте болмайды. Қырғын соғыстағы қанды майдан алаңы емес, бейбіт өмірдегі күнделікті еңбек ететін кәсіпорындарда айқын аманда адамдарымыздан айырылу ақылға қонымсыз нәрсе. Қарапайым ғана өндірісте лайықты жағдай жасау қолымыздан келмей қаншама аналарды жесіртіп, қаншама балаларды жетім еттік. Бала-шағасы үшін әкенің орнын үкіметтің садақа ретінде берген, құны құлдырап кеткен 1 миллион теңгесі ешқашан алмастыра алмайды. Соны қашан түсінеді екенбіз!

Осы тұста бұл орын алып жатқан дегендіктер нені көрсетеді деген сұрақ туындайды. Бұл Атазаңымызда айтылғандай «Мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» дегенге мүлдем ұқсамайды. Өндірісте, кеніштерде, құрылыс алаңдарында, дұрыс емдемеген дәрігерлердің алдында, жол апаттарында тұрғындарымыз жүздеп, мыңдап өліп жатса біз өз адамдарымыздың өмірін мүлдем құнсыздандырып жібергеніміздің нақты көрінісі емес пе? Елімізге тек қана пайда табу үшін келген шетелдік инвесторларға бәрібір, қалса халқы түгелдей қырылып қалса қалшығы кейірайы. Соған қарсы шараларды өзіміз ұйыдастырмасақ оны біреулер келіп сырттан жасап бермейді. Еліміздің болашағы өз қолымызда, біз алдымен өз қазағымыздың қамын қарастырып, кез келген мәселені ұлттық тұрғыдан ойластырып шешуге міндеттіміз.

АДАМ ӨМІРІН НЕГЕ ҚҰНСЫЗДАНДЫРЫП ЖІБЕРДІК?



Біздің бәріміз бас иіп, қасиетті құрандай қастерлеп бағалауға тиісті Атазаңымыздың да бірінші бабы «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» – деп басталады. Атазаңымыздың өзі алғашқы сөзінен-ақ адамдарымыздың өмірі мен құқығына кепілдік беріп тұрған жоқ па, бұдан артық не керек?! Бірақ күнделікті өмірімізде осы заңдылық сақтала бермейді. Сақталғаны былай тұрсын, өкінішке орай, адамдардың құқығы аяққа тапталып, өрескел бұзылады...

Бұрындар да жазып, үнемі айда жүргенмен осы тақырыпты қайта қозғауға «Ақ жол» партиясының жетекшісі Азат Перуашевтің Мәжіліске «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өнеркәсіп қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын таныстыруға келген ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Ержан Аманжолұлы айтқан ашық сын ескертпелері тұрті болды. Белсенді депутат адамдар қаза тапқанда немесе олардың денсаулығына зиян келтірілгенде төленетін өтемақының мөлшерін есептеудің бірыңғай тәсілі жоқ екеніне назар аударды. «Ресей Үкіметі қайтыс болған адамның отбасына 1 млн. рубльден, ал апаттан зардап шеккендерге 500 мың рубльден бастап одан да жоғары өтемақы бөледі. Ал, бізде – әрқалай: кей жерлерде 200 мың теңге, кей жерлерде 500 мың, ең көбі – 1 млн. теңге төленеді. Сонда біздің азаматтарымыздың өмірі ресейліктерден 10 есе арзан болғаны ма? Үкімет неге өтемақыны есептеудің бірыңғай тәсілін енгізбейді? – деп сұрақты төтесінен қойды. «Бұл үшін біздің фракция адам қаза тапқанда оның білімін, экономика мен қоғамға үлесі мен рухани құндылықтарын қоса есептегенде, мемлекет үшін экономика жағынан қаншалықты шығын екенін есептеуді бірнеше

путаттар да қолдады. «Бір адамның да қазасының өзі – жақындары үшін өте ауыр. Зардап шеккендер санын есептегенше, бар күшімізбен мұндай жағдайлардың алдын алу керек. Мұнай өндірісінің бір ауысымында 5 адам жұмыс істейді делік. Мемлекеттің апат салдарын тексеруі үшін бір ауысым толығымен қаза табуы керек пе?» – деді депутат Ахмет Мурадов.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Ержан Аманжолұлының айтуынша, 2019 жылдың 9 айында еліміздің өндірістік нысандарында 24 апат болып, 18 жұмысшы зардап шегіп, 10 адам қаза тауыпты. Өндірістің өлім өсімі 1,7 есеге артқан.

«Бүгінгі таңда министрлік 211 мыңнан астам қауіпті өндірістік нысанды қамтитын 8 мыңнан астам өнеркәсіп кәсіпорынын қалағанда. Негізінен бұл – жер асты кеніштері мен көмір шахталары, карьерлер мен разрездер, металлургиялық-химиялық және мұнай өңдеу зауыттары, атом өнеркәсібі нысандары, магистралдық құбырлар және тағы да басқалары», – дейді вице-министр.

Кәсіпорындарды сырттай қадағалаудан не пайда? Оны да жетістіріп жатпағаны көрініп тұр. 211 мың кәсіпорынның тек қана 8 мыңы бақылауда екен. Ал қалған 203 мың кәсіпорындарға кім бақылау жасайды? Бізде не көп, бақылаушы, тексеруші органдар көп, әрбір министрліктердің, құқық қорғау саласының, әкімдіктердің, түрлі департамент пен басқармалардың штаты жыртылып айрылады. Сонда олар мемлекеттік қызметте жоғары жалақы алып, не бітіріп отыр? Апаттардың негізгі себептерін анықтап, алдымен соны жою керек қой. Апаттың себептері толып жатыр, бірінші – нормативтік қызмет мерзімі өткен, тозығы жеткен, атамзаманнан бері келе жатқан жабдықтарды пайдалану. Екінші – өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары мен ережелерін бұзу. Үшінші – төмен өндірістік бақылау немесе оның мүлдем жоқтығы және жұмысшылар мен қызметшілердің төмен біліктілігі. Осының бәрине

Жұмысшылардың жалақысы және еңбек қауіпсіздігі мәселесі сол құжатта көрсетілмеген бе? Көрсетілсе неге олар мойнына алған міндеттемелерін орындамайды? Ал, еңбек адамдарының құқығын қорғап, олардың жалақысын көтеруге ықпал етуге міндетті Үкіметіміз үнемі үнсіз қалады. Сонда біздің қарапайым еңбек адамдарының құқығын кім қорғайды? Қарапайым жұмысшылардың қамын жейтін кәсіподақ ұйымдарының аты бар да заты жоқ. Өйткені, олардың үніне ешкім құлақ аспайды. Жұмысшылардың ауыр жағдайын айтып, белсенді қимыл көрсетіп адамдарды ереуілге бастап шыққан Елсіздік қозғалыстарының өзін «Кәсіп тынштығын бұздың, экстремистік пиғылдасын» – деп жауапқа тартып, аузын жауып тастайды. Болмай бара жатса түрлі себептер тауып, темір тордың арғы жағынан бір-ақ шығарады. Бұл тұрғыдан алғанда біздің үкімет белсенді қимылдайды. Ал, шетелдік компанияларға «Бұл біздің мемлекет, алдымен шаныраққа қарап алындар! Біздің адамдарды ренжітуге ешқашан жол бермейміз!» – деп айтуға батылы бармайды. Әлде бұл – «Өзіңдікі өзекке тәпкілесен де өлмейді» – деген ұстаным ба?

Бәрінен айтпай-ақ, бір ғана үндіс миллиардер Лакшми Митталдың қарамағындағы «АрселорМиттал Теміртау» акционерлік қоғамын алып қаралықшы. Әлемнің көптеген елдерінде осы сала бойынша жүздеген кәсіпорны бар, «темірдің төресі» атанған Лакшми Миттал 1995 жылы Теміртаудағы алып металлургия комбинатына ие болғаннан бері қайта-қайта шерулеткен жұмысшылардың жанайқайы бір толастаған емес.

бірдей ірі шахталарды иемденген миллиардер Миттал басқаратын кәсіпорындарда бұдан да басқа ірілі-уақты апаттар жиі орын алып тұрады.

Тонмойын, қалтасы қалың Митталдың әлем жұртшылығы алдында беделі жүрді. Оның өзге кәсіпорындарында да жағдай онып тұрған жоқ. Сондықтан, көптеген елдердің көздері бірігіп, «Митталға қарсы қозғалыс» атты коалиция құрып қарсылық білдіруде. Бірақ соның бәрі оған маса шаққан құрлы әсер еткен емес. Әртүрлі елдер Миттал кәсіпорындары ауаны аяусыз ластап, экологиялық талаптарды мүлдем сақтамайтынын айтады. Бұл мәселені бізге де толықтай және тікелей қатысы бар. Миттал жайлап алған біздегі Қарағанды аймағындағы аспаннан ақ емес, қара қар жауғанын, ауаның шектен тыс ластанғанын айтып келе жатқаны осыған нақты дәлел. Мамандардың айтуынша, Теміртаудағы экологиялық жағдай осы аймақтың өзге аудандарына қарағанда 25-30 пайыз нашарлап кеткен. Үкімет пен Қарағанды аймағы басшыларының ескертуін Миттал құлағына қыстырмайтынын жұрттың бәрі біледі. Тіпті, «Металлургиялық артында мен тұрмын!» – деп Президент Нұрсұлтан Назарбаевтен өзінше сес көрсеткені де әсер етпеді. «Тұрсаң қайтейін, Сен кім едің?!» дегендей өз дегенін істеп жатыр. Сонда ол кімге арқа сүйеп отыр? Біздің билік қаңғып келген қайдағы бір кәсіпкерге шамасы келмегені ме? Жер біздікі, байлық біздікі бола тұра қолденен көк атты біреуге шамамыз жетпейді, оны тайрандамып басымызға шығарып қойдық. Әлде оның басқа да себептері бар ма? Бар

«КҮНДЕЛІКТЕ»

АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТЕР ТОҚТАТЫЛАДЫ

«Күнделікте» ақылы қызметтер тоқтатылады. «Ақ жол» партиясының депутаттық сауалына Премьер-Министрден осындай жауап келді.

Естеріңізге салар болсақ, «Ақ жол» фракциясы ағымдағы жылдың 30 қантары, 11 сәуірі мен 30 қазанындағы депутаттық сауалдарында «Күнделік» автоматтандырылған құралдық жүйесінің жұмыс істеуіндегі мәселелерге бірнеше рет назар аударған болатын. Депутаттар еліміздегі барлық мектептер толығымен интернетпен қамтамасыз етілгенге дейін «Күнделік» жүйесін міндетті пайдалануды тоқтата тұруды ұсынып, сондай-ақ, жүйенің жұмысын жетілдіруін, үнемі үздіксіз жұмыс істеуін және автоматты қорғауды қамтамасыз етуді сұраған болатын. Сонымен бірге, «Ақ жол» партиясының депутаттары «Күнделік» жүйесіндегі бірқатар қызметтерге ақысын төлеу мәселесін де көтерді. Өйткені, аталмыш ақпараттық жүйеде сараптау, салыстыру, рейтингтер, ұсыныстар, пікірлер мен мобильді қосымша сынды қызметтер ақылы болған.

Азат Перуашев 28-қарашада Мәжілістің жалпы отырысында мұғалімнің мәртебесі туралы заң жобасын талқылау кезінде «Күнделік» туралы ақпаратқа ақылы қол жеткізу азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзу



болып табылады» деп мәлімдеді.

«Мемлекеттік мекемелерде ақысыз орта білім алу Конституциямен кепілдендірілген. Сіз ата-аналарға оқушының үлгерімі туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін ақылы қызмет түрлерін ұсындыңыз. Оқу процесі ақысыз болуы тиіс, бұл — Конституциялық кепілдік. Түсініктемелерге, ұсыныстарға, баланың үлгерімі рейтингіндегі көрсеткіштеріне қол жеткізу білім беру процесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Егер ата-ана «Күнделікте» мұғалімнің түсініктемелерін көрмесе, жүйеге телефоннан тегін

кіре алмаса, баланың үлгерімін қалай бақылай алады? Бұл — ата-аналардың бізге жеткізген шағымдары», — деді Азат Перуашев.

«Министрлікте қызметтердің тізбесін кеңейту мүмкіндігі туралы келісімді одан әрі қайта қарау тапсырылды. Жалпы, сіз көтерген мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында», — делінген Бердібек Сапарбаев қол қойған ресми хатта. Сонымен қатар, жауапта интернетке қосылмаған мектептер «Күнделік» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен ажыратылатыны айтылған.

ФЕРМЕРЛЕРГЕ СУБСИДИЯ БОЙЫНША БАРЛЫҚ ҚАРЫЗДАР ТӨЛЕНЕДІ

ҚР Үкіметі ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер алдында өз міндеттемелерін орындауда. Осы уақытқа дейін жылдан жылға ауысып мал шаруашылығы және инвестициялық субсидиялар бойынша жиналып қалған қосымша қажетті қаржы толық көлемде төленетін болды. Бұл туралы Ауыл шаруашылығы министрлігі хабарлады.

Бүгінге дейін ҚР Үкіметінің шешімі бойынша инвестициялық субсидияға қажет 28,5 млрд. теңге сомасындағы берешек жабылған болатын. Үкімет басшысы жақын арада мал шаруашылығын субсидиялауға қажет 36,8 млрд. теңге, сондай-ақ инвестициялық субсидиялар бойынша 11,7 млрд. теңге сомасындағы қарыз қалдығын жабу жөнінде тапсырма берді.

Ауыл шаруашылығына көрсетіліп жатқан мемлекеттік қолдаудың арқасында саланың инвестициялық тиімділігі артып, негізгі капиталға инвестициялар тарту бойынша нысаналы индикаторлардың орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беруде.

Қазіргі уақытта жалпы сомасы 4,4 трлн. теңгені құрайтын 113 инвестициялық жоба әзірленіп, жүзеге асыру процесінде тұр.



АБОНЕНТТІК ТӨЛЕМДІ КӨТЕРУГЕ ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ

«Ақ жол» партиясы еліміздегі байланыс операторларының депозитін сұратқаннан кейін, байланыс абоненттік төлемді көтеруге тыйым салынады.

Еске салсақ, 20 қарашада «Ақ жол» партиясының депутаттары Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Роман Склярға ұялы байланыс операторларының бағаларын көтеруіне орай арнайы тергеу жүргізуін сұрағанын айтты.

«Биыл Activ, KCell, Beeline ұялы байланыс операторлары жаңа тарифтік жоспарға көшті, оған сәйкес ай сайынғы төлем төрт аптада бір рет алынады. Бұрын төлем айына бір рет төленетін. Нәтижесінде, енді әрбір пайдаланушы жылына 12 емес, 13 рет төлейді.

Шындығында, көрсетілген қызметтерге 8%-дан астам жасыру өсім байқалды. Өзгерістерді ұялы байланыс операторлары барлығы дерлік бір уақытта, біржақты тәртіппен және тіпті пайдаланушыларға тиісті түрде ескертпестен жүзеге асырды», — деп атап өтті Екатерина Никитинская депутаттық сауалында.

Тиісті түзетулер жобасы ұсынылып, соған сәйкес «аванстық төлемді қарастыратын тарифтік жоспардың есептік кезеңі басталады» деген тұжырымдама пайда болуы мүмкін.

«ҚР Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі түсіндіргендей, ҚР Премьер-министрінің орынбасары Роман Склярдың 22 қарашадағы 17-6/3448 тапсырмасын орындау мақсатында және абоненттер тарапынан ұялы байланыс операторларының тарифтік жоспарларды 28 күнге қысқартуына түскен шағымдарына орай арнайы норма енгізілуде.

«Осындай байланысты, арнайы нормада «тарифтік жоспардың мерзімі көрсетілген». Ақша абоненттік жеке шотынан абонент таңдаған тарифтік жоспарға қосылған күні алынады. Кейіннен есептен шығару келесі айдың дәл сол күнінде жүргізіледі. Егер абонент тарифтік жоспарға айдың соңғы күнінде қосылса, абоненттің жеке кабинетіндегі ақшаны шоттан алу келесі айдың соңғы күні болады», — делінген ақпараттық хабарламада.

«Ақ жол» партиясы және оның парламенттік фракциясы өзінің сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру мен сайлаушылардың мүдделерін қорғау жұмыстарын жалғастыруда.

МОНОПОЛИЯНЫ

АЗАЙТЫП, БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚОРҒАУ КЕРЕК

«Ақ жол» экономикада монополияны азайтып, бәсекелестікті қорғауға шақырды. Бұл туралы бүгін фракция депутаты Меруерт Қазбекова ҚР Премьер-министріне жолдаған сауалында айтты.

«Қазақстандағы бәсекелестікті қолдау — мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Бүгінгі таңда елімізде газ, көмір, электр энергиясы мен мұнай өнімдерін өндіру және сату, ұялы байланыс, тұрғын үй, банктік қызметтер сияқты негізгі тауар нарығындағы жеке компаниялардың шоғырлануы мен монополиялануы артуда», — делінген сауалда.

Сонымен бірге, М.Казбекова атап өткендей, негізгі ойыншылар көбіне нарықтық емес әдістермен, соның ішінде шексіз мемлекеттік қаржыландыру және бәсекелестерді әкімшілік жолмен басып шығару арқылы жасанды түрде үстемдікке қол жеткізген үстем топтар болып табылады.

«Мұндай компаниялардың қызметі ішкі нарықпен үндеспейді және шектеулі, өйткені сыртқы нарықта басқа ережелер жұмыс істейді. Өнімділіктің төмендігі, қызметкерлердің көбейгені және негізсіз жапақы оларды бәсекеге қабілетсіз етеді. Тіпті мұндай мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру де мәселені шешпейді, сенбейді, олар нарықты бәсекелестерден тазартады және төмен уәждеме алады», — деді депутат.

Сауалда монополияға қарсы



орган сарапшылармен бірлесіп өткізген бәсекелестіктің жай-күйін талдау нәтижелері көрсетілген. Оған сәйкес көмір нарығындағы 4 негізгі қатысушының нарықтағы үлесі 89%, электр энергиясын өндіру — 67%, мұнай өнімдерін сату — 73%, тауарлық газ — 95%.

Ұялы байланыс нарығында 5-тен 2-ге дейін және банктік қызмет көрсетулерден 20-дан 10-ға дейін азайды. Осы нарықтағы бәсекелестіктің орнына дәріханаларды қалдыруға және ретке келтіруге қажетті шараларды қолдану керек.

«Негізгі шикізат нарығының қазіргі жағдайы бәсекелестікті шектейді және монополистерге экономикалық белсенділік пен тұтыну мүмкіндіктерін төмендетіп, қоғамның есебінен артық пайда алуға мүмкіндік береді. Шағын және орта бизнестің артта қалуы, рейдерлік үрдісі және табысты кәсіпорындардың бір сәтте күйреуге мақсат қоюы тікелей осы-

мен байланысты. Экономиканың монополиялануы экономиканың ғана емес, жалпы қоғамның одан әрі дамуына қауіп төндіреді.

Сондықтан, мемлекет монополистердің тәбеті мен тарифтерін шаралар қорғауға қолдау алып қана қоймай, сонымен қатар мұндай шаралардың кеңеюіне үміт артады», — деп баса айтты депутат.

Алайда, құзырлы органдар монополияға қарсы реттеуге назар аудару отырып, бәсекелестік нақты қолдауы мен дамуын назардан тыс қалдырады. Бәсекелестік ортаны мақсатты түрде дамытпай, балама қатысушыларды ынталандыру және преференцияларсыз, нарыққа қайта кіріп, негізгі ойыншылардың қысымына ұшырамай экономиканы монополиясыздандыру мүмкін емес.

Осыған байланысты «Ақ жол» фракциясы Үкіметке бәсекелестікті қорғау және дамыту бойынша шаралар кешенін әзірлеуді ұсынады. Мұнда бәсекелестік деңгейі төмен нарықтарға жаңа қатысушыларды тарту үшін преференциялар беру қажет. Шектен тыс тараптарша маудан тыс шоғырлануға және нарыққа қатысушылар санының қолайсыз азаюына әкеп соққан салалардағы мемлекеттік реттеуді қайта қарау мен мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендірудің барысын бақылауды ұсынады.

«Ақ жол» парламенттік фракциясы өзінің сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыруды және отандық бизнестің мүдделерін қорғауды жалғастыруда.

Бұл түйін бүгін шешілмесе, ертең қиын болады Ұлттық мүддеге қатысты қауіпті құбылыс байқала бастады. Ол не? Қазір президент Қасым-Жомарт Тоқаев құрған Ұлттық кеңестің мүшелері әлеуметтік желі бетінде, интернет сайттарда бір-бірімен тартысып, «араздасып» жатыр. Мемлекеттік тіл үшін талас басталды. Ол не дейсіз ғой. Тіл мәселесіне келгенде тағы да екіге бөліндік. Ақын Қазыбек Иса Ұлттық кеңестің алғашқы отырысында мемлекеттік тілдің тағдыры туралы ісі қазақ баласы қолдауға тұратын мәселе көтергені белгілі. Бірақ ұлттың болашағы үшін жасалған жақсы бастама орыстiлдi қазақтардың «жынына» тиген сияқты.

қатары артып бара жатқан тұстағы бұл жалтақ әрекетті қалай түсінуге болады? Біз кімнен қорқамыз? Бір ғана нәрсе айқын: осы уақытқа дейін жалпақшешейлікпен жүргізіліп келген саясатты түбірімен өзгертетін уақыт жетті. Бүгінгі қоғамда қазақ мәселесі күн тәртібінде әлі қалқып тұр. Оны кейінге қалдыра беруге болмайды. Көп балалы аналардың мәселесі шешіледі. Атаулы әлеуметтік көмек те жасалар. Өндіріс те дамып, шағын және орта кәсіп көркейер. Бірақ осы жолы мемлекеттік тіл туралы дұрыс заң қабылданбаса, онда жағдай тіпті қиындай түседі. Орыстiлдi Әшімбаевтар осыны түсінуі тиіс. Мұндай пікірлер халықты екіге бөледі. «Кто есть кто» энциклопедиялық кітабының авторы Данияр Әшімбаев 2012 жылдың 29 маусымында dialog.

Мұндай пікірлер қоғамды араздық тұндырады. Кінә кімнен? Мәселе Ұлттық кеңестің тағы бір мүшесі Азаматхан Әміртай айтқан кілттипанда жатыр. —«Кавказ жұртындай жігерлі, көрші отырған өзбектердей алкеуде болсақ, жерімізді мекендеп отырған орысты да, өзгені де қазақша сөйлетуге болар еді-ау. Бірақ оған қол жеткізе алмадық. Негізі жеткізбеді. Жеткізбегендер өзге жұрт емес, өзіміздің орыс тілді қаракөздер. Өз тілінен жерігендер. Өз тілін өзге тілден кем көргендер. Өзге тілді өз тілінен жоғары қойғандар. Яғни, ең бірінші кедергі болғандар - осылар. Біздің ең үлкен трагедиямыз да осы, — дейді Азаматхан Әміртай. Бұған біздің алып қосарымыз жоқ. Ал «Тіл туралы арнайы заң мен агенттік керек» деп, ұлт мүддесі үшін күресіп жүрген Қазыбек Иса не дейді: — Ең

Өз уақытында Алаштың рухани көсемі, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қауіптісі — тілі» деген екен. Сөз жоқ. Ашы да болса, ақиқат. Амал қанша, қазақ қоғамында қазақ тілі мәселесі бір шешімін таппай-ақ қойды. Себеп белгілі. Арда тұтқан ана тіліміздің өз тұғырында тұрмауы. Мемлекеттің басты тіліне айналмауы. Ұлтаралық тілдің деңгейіне көтерілмеуі. Жаңа технологиямен өнеркәсіптің тілі бола алмауы. Бұған кім кінәлі? Әрине Кеңес заманы болса, Мәскеуді кінәлар едік. Қазір ше? Біз Тәуелсіз, бостан елміз ғой. Ана тілімізді неге әлпештей алмай отырмыз?

ҚАЗАҚТЫҢ ЖАУЫ КІМ?



Бұған Қазақстанда отырған үш миллиондай орысты, бұған қоса 3-4 пайыздан аспайтын украин, неміс, беларус т.б орыс тілділерді айыптау артық. Кавказ жұртындай жігерлі, көрші отырған өзбектердей алкеуде болсақ, жерімізді мекендеп отырған орысты да, өзгені де қазақша сөйлетуге болар еді-ау. Бірақ оған қол жеткізе алмадық. Негізі жеткізбеді. Жеткізбегендер өзге жұрт емес, өзіміздің орыс тілді қаракөздер. Өз тілінен жерігендер. Өз тілін өзге тілден кем көргендер. Өзге тілді өз тілінен жоғары қойғандар. Яғни, ең бірінші кедергі болғандар - осылар. Біздің ең үлкен трагедиямыз осы. «Іштен шыққан жау жаман» деп бабаларымыз бекер айтпа-са керек-ті. Өзім мүше болып отырған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің Президент қатысқан алғашқы отырысында белгілі ақын, өз елінің ерен патриоты Қазыбек Иса Қазақ тілі мәселесін көтерді. Жеріне жеткізе айтты. Риза болыстық.

Алайда, жақында осы Ұлттық кеңеске мүше, орыс тілді саясаттанушы Данияр Әшімбаев ««Довольно опасное, на мой взгляд, предложение прозвучало из уст Казыбека ИСЫ о необходимости дальнейшего развития государственного языка... Прежде всего отменить норму закона о языках, согласно которой в стране установлен список профессий, для которых знание госязыка является обязательным. То есть он предложил сделать так, чтобы знание госязыка было обязательным для любой профессии. В условиях фактического двуязычия эта инициатива является дискриминационной и провоцирующей обострение межнациональной ситуации в стране. Кроме того, он предложил разработать новый закон о госязыке и создать отдельное агентство по государственному языку» деген (әдейі қазақшаламадым) әңгіме айтты.

Бұны қалай түсінуге болады. Қазыбек Иса өз жерінде өгей баланың күйін кешіп отырған ана тіліміздің мәселесін көтерді. Әшімбаев айтқандай, ұлтаралық жанжал туғызатындай артық ештеңе айтқан жоқ. Ары беріден соң, Ұлттық кеңес мүшелерінің негізгі міндеті елдің көкейіндегі, ұлттың шешілмей жатқан мәселелерін биік мінберден айту, оны реттеуге мұрындық болу!

Егер де Данияр Әшімбаев өз елінің патриоты болса, қаным, жаным қазақ дейтін бұған, мұндай әңгіме тартпас еді. Неге айтып? Бұл белгілі жайт. Әгарәки, қазақ тілі орыс тілін ысырып, алдыңғы орынға шығатын болса, орыс тілді Әшімбаевтарға Қазақстанда жейтін нан қалмайды. Әшімбаев Ресейге де, Еуропаға да, Америкаға да қажет емес. Оны ол біледі. Сондықтан, ол нан жегізіп отырған орыс тілін орыстардан бұрын шыр-пыр болып қорғайды. «Орыс тіліне тіл тигізсеңдер соғыс болып кетеді» деп тұрдап, босқа үрейлендіреді. Бару әңгіме осы. Мәдениетте тұратын орыстардың бір де - біреуі «орыс тіліне, мәдениетіне қысым жасалып жатыр» деп айтып көрмепті. Неге? Өйткені, Қазақстанда барлық ұлттарға өз тілін, мәдениетін дамытуға тең жағдай жасалған. Тек «орыс тіліне қысым жасалып жатыр» деп алашапқын болып жүрген өзіміздің қаракөздер. Неге? Себебін айттық. Қазақ тілі басымдық алатын болса, өз тілінен жеріп жүргендер нансыз, жұмыссыз қалады. Оларды алып бара жатқан соның үрейі.

Айтпақшы, осы Ұлттық кеңестің тағы бір мүшесі Арман Шораев «Kz.media» деген сайтқа берген сұхбатында: «Вот, например, Казбек Иса, известный казахский журналист, член Политсовета партии «Ак Жол», всячески пытался позиционировать себя радетелем казахского языка, а на самом деле 90% его речи было посвящено тому, какие надежды он связывает с приходом Токаева, какой тот мудрый, дальновидный» деп Қазыбек Исаны кекетіпті.

Бұл қайткені? Шындыққа тура қарап сөйлейтін болса, Қазыбек Иса үлкен жүректі ақын, өз елінің патриоты, тіл жана-шыры. Шыңырауда шырмалып жатқан тілі үшін шырылдаса, несі айып. Неге кеңес отырыстарында Әшімбаев пен Шораев қазақ тілінің қиын мәселесін көтермейді? Олардың етегінен кім тартыпты? Демек олар үшін қазақ тілі күл болмаса, бұл болсын, ең бастысы орыс тілі аман болғаны керек пе?

Азаматхан ӘМІРТАЙ,
ҚР Президенті жанындағы Ұлттық кеңес мүшесі,
«Байтақ-Болашақ» экологиялық альянсының төрағасы

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ ҚАРСЫЛЫҚ - ҰЛТТЫҚ МҮДДЕГЕ ҚАРСЫ ҚАУІПТІ ҚҰБЫЛЫС!

Қазір Данияр Әшімбаев секілді орыстiлдi топ интернет сайттарда қарсы пікірлерін еркін білдіріп жатыр. Бұл енді керек нәрсе ме? Тәуелсіздік алғанымызға 30 жылға уақыт өтсе де, әлі де бізде тіл мәселесі шешілген жоқ. Оны проблема етіп отырған да аз ғана орыстiлдiлер мен орысша сөйлейтін біздің биліктегілер. Басқа ешкім де емес. Енді орыстiлдi саясаттанушы Данияр Әшімбаевтың сөзін мысалға келтірелік. «Довольно опасное, на мой взгляд, предложение прозвучало из уст Казыбека ИСЫ о необходимости дальнейшего развития государственного языка... Прежде всего отменить норму закона о языках, согласно которой в стране установлен список профессий, для которых знание госязыка является обязательным. То есть он предложил сделать так, чтобы знание госязыка было обязательным для любой профессии. В условиях фактического двуязычия эта инициатива является дискриминационной и провоцирующей обострение межнациональной ситуации в стране. Кроме того, он предложил разработать новый закон о госязыке и создать отдельное агентство по государственному языку». Міне, мемлекеттік тілге қатысты көзқарастағы алшақтық қайдан шығып отыр? Жеке көзқарастан. Ал бұл бір адамның, яғни Данияр Әшімбаевтың ғана жеке пікірі. Бұл демографиялық тұрғыдан ұлттың басым бөлігін құрап отырған қазақ тілінде сөйлейтін бүкіл қазақтың пікірі емес. Онда неге қорқамыз? Неге мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге батыл кадам жасай алмай отырмыз? Мәселе неде? Әңгіме біздің орысқұл биліктің дәрменсіз жалтақ әрекетінде жатқан сияқты. Бізге жеткен кейбір әңгімелерге қарағанда, мәселені дереу қолға алып, Мәдениет министрлігі дамыту туралы 2020-2030 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның атын Үкіметтің кеңесінде отырған орыстiлдi қазақ шенеунігі дереу өзгертіп жіберген сияқты. Енді ол «Тілдердің дамуы туралы» деп аталуы мүмкін. Сондағы әлгі атақамінердің айтқан желеуі мынаған саяды екен: «Бұл мемлекеттік тіл туралы бағдарламада орыс тілі неге жоқ?». Жыл сайын қазақтілділер көбейіп, мемлекеттік тілде сөйлейтіндердің



қз сайтына берген сұхбатында былай депті: «Конечно, плохо, что я не владею языком. Но, с другой стороны, я не ставлю себе программу-минимум выучить его, скажем, в течение года или еще какого срока. Я его изучаю по мере возможности». Сегоан беру жеті жыл уақыт өтсе де, мемлекеттік тілді керек қылмаған бала бүгін де Қазыбек Исаның бастамасын жокқа шығарып: «В условиях фактического двуязычия эта инициатива является дискриминационной и провоцирующей обострение межнациональной ситуации в стране» де-еп отыр. Тілін, санаң орыстiлдi болса, сенің дара болғаныңнан не пайда?! Ұлттық кеңестің тағы бір мүшесі, Арман Шораев «Вот, например, Казбек Иса, известный казахский журналист, член политсовета партии «Ак Жол», всячески пытался позиционировать себя радетелем казахского языка, а на самом деле 90% его речи было посвящено тому, какие надежды он связывает с приходом Токаева, какой тот мудрый, дальновидный» деп «Kz.media» сайтында Ұлттық кеңесте қазақ тілі мәселесінің көтерілуін жақтырмағанын жасырмайтын, түсіне алмадык және мұны қолдай да алмаймыз. Қазақ елінде тұрып, қазақ мәселесін, ұлт тілінің мәртебесін ойлау — бұл болашақты ойлау деп түсінеміз. Жалпы ұлттық мүддеге келгенде қай тілде сөйлесек те, біздің тұжырымымыз ортақ болуы керек. Өкінішке қарай, екінші отырысы басталмай жатып, Ұлттық кеңес мүшелерінің мемлекеттік тіл мәселесінде көзқарас алшақтығы қазірдің өзінде айқын байқала бастады.



бастысы — бұған дейін де қабылданып, бір де бір талабы орындалмаған Тіл туралы бағдарлама қабылдау емес, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау керек! Ал Мемлекеттік тіл туралы заң орындалуы үшін ең басты кедергі — Конституциядағы 7-баптың 2-тармағын алып тастауымыз қажет!, — дейді Қазыбек Иса. Қазыбек Исаның айтуына қарағанда, «қазіргі уақытта үкіметтің бірқатар мүшелері Мемлекеттік тіл туралы заң жобасын жасауды қолға ала бастаған Мәдениет министрлігі қызметкерлерінен «Мемлекеттік тіл туралы заңның қазір қажеті жоқ» деген жазба жаздырып алып жатқан көрінеді. — Ең қауіптісі осылар, — дейді ақын К. Иса. Ақынның айтқанына біздің қосарымыз жоқ, енді қазаққа шегінер жер қалмады. Қазақтың тілі Қазақстанда ғана дамиды. Өз елінде өгей көрінген тіл өзгенің тілін төрге шығарады. Тіл — қазақтыкі, ал мемлекет кімдікі? 30 жыл «қос тіл — қос қанатың», «үш тұғырлы тіл ұшпаққа шығарады» деп келдік. Қане, шыққан биігіміз? Қауіп қайдан?! Өзге тілде сөйлейтін өзімізден! Мемлекеттің саясаты түбегейлі өзгермей, тіл тұғырға шықпайды. Ұлттық кеңесте күніміз қаран. Түсініп өзінде, сенім сетіней бастағандай. Қазақстандағы «Тілдердің дамуы туралы» бағдарламадан бөлек» «МЕМЛЕКЕТТІК Тіл туралы арнайы заң» қабылдануы керек. Сонда ғана әділеттілік қалпына келіп, халықтың талабы орындалады. Ал елден артық ешкім жоқ. ...Түсінген адамға бұл соңғы мүмкіндік.

Берік БЕЙСЕНҰЛЫ
qamshy.kz

ОРЫСТАНҒАН ҚАЗАҚ ӨЗІНІҢ ҮЙРЕНШІКТІ ОРЫС ТІЛІ ҮШІН ҚАЗАҚ ҰЛТЫН ҚҰРБАНДЫҚҚА ШАЛЫП ОТЫР



Ұлттық Кеңестің алғашқы отырысы елдің ерекше ықыласын аударып, үлкен айтылып жүрген көп саяси-қоғамдық, әлеуметтік мәселелер ортаға салынды. Әсіресе, «мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті басқару органдарында орыс тілі қазақ тілімен ресми түрде тең қолданылады» делінген Конституциядағы 7-баптың 2-тармағын, қазақ тілінің шын мәнінде азаттық ала алмай келе жатқанының басты себебін алып тастауды ақын Қазыбек Исаның талап етуі – сенді бұзған сенсациялық оқиға болды.

Миллиондаған адамның осынау асыл тілегінің Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев төрағалық етіп отырған Ұлттық Кеңестің алғашқы отырысында көтерілуі – символикалық оқиға болатын.

Ал енді осы ел көздеріне жас алып күтіп, ұлт зиялылары сүйінші сұрасқан, Ұлттық кеңес мүшесі Ауыт Мұқибектің тауып айтқанындай, тарихи оқиғаға айналған Қазақ тілінің мәселесін көтерген мәлімдемені ұнатпай қалғандар да бар екен.

Алдымен Ұлттық кеңес мүшесі, саясаттанушы Данияр Әшімбаев лап етіп тұтанып кетті.

«...Довольно опасное, на мой взгляд, предложение прозвучало из уст Казыбека Иса о необходимости дальнейшего развития государственного языка.

Прежде всего отменить норму закона о языках, согласно которой в стране установлен список профессий, для которых знание госязыка является обязательным. То есть он предложил сделать так, чтобы знание госязыка было обязательным любой профессии. В условиях фактического двуязычия эта инициатива является дискриминационной и провоцирующей обострение межнациональной ситуации в стране. Кроме того, он предложил разработать новый закон о госязыке и создать отдельное агентство по государственному языку.

Тілшінің «А были ли на заседании какие-то неадекватные

или смешные предложения?» деген сұрағына Әшімбаев былай жауап берді: «Казыбек Иса большую часть своего выступления посвятил юбилею Золотой Орды и формату участия в нем Казахстана. Он также поднял вопрос увековечивания памяти ханы Джучи (Жошы), говорил об очередной реформе латиницы. И, судя по лицам других членов его рабочей группы, думаю, что с ними он эти моменты выступления не согласовывал»

«...В условиях фактического двуязычия эта инициатива является дискриминационной и провоцирующей обострение межнациональной ситуации в стране». Бұл бұрынғы отаршылардың сүйікті тәсілі – алдымен өздеріне қажетті, өздеріне қолайлы әрі жандарына өте жайлы ортаны құрып алады да содан кейін: «бүгінгі нақты жағдайды негізге алуымыз керек» деп шыға келеді. Ал, сол «фактическое двуязычие» бүгін республиканың орыстілді басшылығы қолдан жасанды түрде жасап, қолдап отырғанын жайлы жазғандар Әшімбаевты ұнатпайды. Өйткені, бұл орта – олардың ортасы, онсыз олар да бір, толқын жағаға шығарып тастаған балық та бір.

Сондықтан, Әшімбаев пен соған тектестерге нақ сол орыстілді басшылар керек, оларға бұндай басшылар туған әкесінен артық. Ал, бұл басшылар Әшімбаевтардың қызметіне мұқтаж, міне, содан барады да бұл екі жақ намаздыгер-на-

мазшамда бір-бірімен дос болады, бірінің бірі, Крыловтың мысалындағы сияқты, мақтауын тауып жеткізе алмайды. Дәл сондықтан бұлар кит етсе бізді «обострением межнациональной ситуации» деп қорқытып келеді және болашақта да қорқыта беретін болады.

Олар 30 жыл бойы, кенеуі кеткен грампластинка секілді, тек осыны айтумен айналысып, жұрттың құлағының олардың ызыңына үйреніп кеткені сондай, ешкім ешнәрседен қорықпайтын болып алды. Ал, жағдайды арандатушылар – нақ солардың өздері, тек «ұрыны ұста!» деп айқайлайтын ұрылардай, айқайының салдарынан өздерін ұстап беріп жатады. Оның қарапайым қағидатқа айналғаны қашан, олардың сөзіне ешкім назар аудармайды, үндеулеріне құлақ аспайды, арандатуына елікпейді.

мақалы «лай судан балық аулау оңай» деп бекер айтқан дейсіз бе? Дегенмен, олардың лайлата берер мерзімі аяқталып келеді, көп қалған жоқ. Бұл табиғи үдеріс, оны ешкім де тоқтата алмайды. Қазақша айтқанда, «таң атпайын десе де, күн қоймайды».

Ал «kz.media» деген белгісіздеу бір сайтта Ұлттық кеңес мүшесі Арман Шораевқа Қазыбек Исаның Қазақ тілі мәселесін көтергені ұнамай:

«Қазақ тілінің қамқоршысы бола қалыпты» деп кекетеді. «Мысалы, Казбек Иса, белгілі қазақ журналисі, «Ақ Жол» партиясының Саяси кеңесінің мүшесі, өзін қалайда қазақ тілінің қамқоры етіп көрсетуге тырысып бақты, ал, іс жүзінде сөзінің 90%-ын ол Тоқаевтың келуіне қандай үміт артатынына, қандай оның кеменгер екендігіне арнаумен болды» дейді.

сихаттау керек дегенін және шет тілдерін бастауыш сыныптардан кейін оқыту керек деген тапсырмасын қолдайтынын айтып отыр. Яғни, Шораев беті бұл етпей өтірік айтқандай, сөзінің 90 пайызын арнаған жоқ, екі-үш жерде ғана атап өтеді. Ал, бұл ұлттық мүддені қорғаған ұлттық мәселелер неге Ұлттық кеңес мүшелері Әшімбаев пен Шораевқа ұнамай қалды? Бір Қазыбек қана емес, бар қазақ қолдап отыр ғой бұл мәселелерді?!

Әшімбаев туралы бәрі түсінікті. 2011 жылы Жаңаөзендегі белгілі оқиғаның артынша: «на площадь в г. Жанаозен вышел не народ» деп жазған адамнан не күтуге болады? Біз сол кезде жазғанбыз, тағы да қайталаймыз: «Егер алаңға шыққандарды халық емес десе, онда біз «Әшімбаев – адам емес» дейміз...

Ал, Арман Шораев...



Онда неге Әшімбаевтар жазуына тоқтатпайды? Токтатайын десе, басқа қолынан ештеңе келмейді! Кімге керек олар? Ресейге ме? Еуропаға ма? Америкаға ма? Ол жақтың заңы басқа. Дәл сол Ресейдің өзінде елдің бәрі, қайталап айтамыз – бәрі, гастербайтерлерге шейін, орыс тілін білуге міндетті. Заң бойынша олар да жұмысқа тұру үшін орыс тілі мен орыс тәжірибесінен емтихан тапсырады. Бірақ, Әшімбаевтар суды лайламаса күнін көре алмай қалады, орыс

Не деген дәлдік, не деген «ерлік»! Қалай елдің көзін бақырайтып қойып, қорықпай өтірік соғып жіберуге болады?! Ау, Қазыбек Исаның баяғыдан бері қазақ тілінің нағыз күрескері екенін елдің бәрі жақсы біледі ғой. Оның Ұлттық кеңестегі сөзі интернетте тарап кетті, бәріміз көріп, қатты риза болдық. Бұл жерде Қазыбек Иса Президенттің Қазақ тілін ұлтаралық қатынас тілі ету керек деген сөзін, Ұлытауда Алтын Орда мен Жошы ханды на-

Көрнекті, салмақты... Әлде, Арман Шораевтың: «Меня называют националистом, прежде всего, из-за моего внешнего вида» – дегені расқа айналып отыр ғой деймін. Иә, Арман мырза КТК арнасын басқарып жүргенде сол телеарнаның жүргізушісі Шахматов «Біздің шындық» деген хабарға Ресейдің империялық басқыншылық символы – Георгий лентасын пидажының сыртқы төсқалтасына салып шыққанына қарсы болған ұлт зиялыларына Шораевтың

ТІЛГЕ ТІЛ ТИГІЗЕТІНДЕР – ҚАУІПТІ!

АЛ ЖОҒАРЫҒА ШЫҒЫП АЛЫП, ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ
ҚАРСЫ ШЫҒАТЫНДАР – ҰЛТТЫҢ БАСТЫ ЖАУЛАРЫ

... Бір рет болсын, Тілге қарсы шыққан адамның, енді «Ұлтқа қызмет етеді-ау» дегеніміз қателік.

Осыны, мен президенттік сайлау болар алдында да айтамын деп, жекелеген азаматтармен шығысып та қалған болатынмын.

Тілді керек қылмайтындарымыз былай тұрсын, Тілге тіл тигізетіндеріміз өте қауіпті! Ал, жоғарыға шығып алып, Тілге қарсы шығатындар болса, Ұлттың басты жауы солар!

Бұлардың, алдында не айтып, не істеп, не қойып жүргендерін білмейді екенмін. Білгім

де келмейді. Бірақ, тап қазіргі таңда, Ұлттық кеңестің алғашқы отырысында Қазақ тілінің ауыр халін көтерген Қазыбек Исаға болмай қалды деп отырғандары, Тілге, Ұлтқа қарсы шығып отырғандарымен тең деп есептеймін. Өйткені, сол кеңесте, Тіл мәселесін ашық көтерген жалғыз Қазыбек Иса ағамыз болған еді. Олай болса, абайландар, Қазақ тіліне қарсылар!

Отпен ойнамандар!

Жасұлан Иса

өзі қарсы сөйлеп, ұлттың ардақты ақсақалдарын фейсбуктің бетінде аузына келген сөзбен балағаттағаны елдің есінде. Сол кезде одан көңілі қалған кісілердің Фейсбукте наразы қоғамдық пікірлері аз болған жоқ.

Міне, енді, тағы да қателік. Бұл жолы қазақ тілінің мәртебесіне қатысты. Қазақтар: «Аңқау елге арамза молда» деп босқа айтпаған мұндайларды. Бірақ, өзінің мұнда екенін өмір бойы жасырып ұстау ешкімнің қолынан келмейді. Ерте ме, кеш пе, ол бәрібір ашылады — кімнің кім екенін ел білетін болады. Шо-раев мырза да дәл осы жайтты басынан кешіп отыр бүгін...

Ал, Бахытжан Копбаев деген «интернационалистің» опустарына көңіл аудару — ондай адамдар үшін тым артық құрмет! Бірақ, құбылыс ретінде айтар болсақ, біздің орыстанған туыстарымыз мәнғүрттер емес, олар — мутанттар. Егер жадынан айрылған тіршілік иелері ретінде мәнғүрттер тек бұйрық бойынша әрекеттесе, мутанттар бәрін саналы түрде істейді. Олар өздерін қазақ деп санауды масқара, ұят деп біледі, қазақы нәрсенің бәрін жек көреді, барлық амал-айламен, қулық-сұмдықпен өз тамырынан тезірек арылуға тырысады. Олар адамшылықтың әмбебап қағидатына сәйкес сатқынды ешкім «екінші жағада» өз қатарына қабылдауға асыға күтіп отырмағанын, санасының түкпірінде болса да, өте жақсы біледі, бірақ, бәрібір солай қарай ұмтылғанын қоймайды.

Ал, кез-келген қалыпты адам өз ұлтын сүюі керек емес пе, өйткені ол туғанда қазақ, орыс, еврей, эскимос, папуас, зулус болып туды ғой... (Айтпақшы, еврейлер өз ұлтын шынымен жақсы көреді, мәселенің бәрін ешкімнен қысылмай, қорықпай ашық айтады, жалпы, шынайы ұлттық көңіл-күйге қанаты біз олардан көп нәрсені үйренуіміз керек!) Және барлық жерде оған лайық болу үшін қолымыздан келгеннің бәрін істеуіміз керек, өйткені біз ата-анамыз сияқты ұлтты да таңдай алмаймыз. Біз үшін ондай таңдауды құдіретті Құдай жасады, және біз бұл үшін оған тек ризашылық білдіре аламыз. Дәлірек айтқанда, міндеттіміз. Біз ата-анамызды жақсы көреміз, олар қандай болсын, ешкімге алмастырмаймыз, өйткені олар біздің ата-анамыз. Ұлт та дәл солай.

Бірақ, мутанттар сол үшін де мутанттар, олар үшін қасиетті ештеңе жоқ. Тіпті, жануарлар мұндай қадамға бармайды, ал, мутанттар... Олар үшін ана тілі деген сөз — бос сөз. Мәселен, Ербол Жұмағұлов деген бір кездері орыс тілді баспасөз беттерінде «Хана тілі» деп аталатын, қазаққа ашық қарсы мақала да жариялаған...

Мутанттар қайдан пайда болады? Қайдан екені белгілі — біздің өткен шағымыздан. Кеңес өкіметі кезіндегі саналы, жүйелі түрде, табандылықпен және ерекше екіжүзділікпен жүргізілген

орыстандыру жылдарында халқымыздың ең жақсы бөлігі жойылды. Қазақ тіліндегі «ген» сөзінің көптеген қазақ сөзі сияқты бірнеше, бұл жерде екі мағынасы бар. Біріншісі — жай тек, екіншісі — асыл тек. Міне, осы асыл тұқымды адамдар түгелдей дерлік жойылды. Ал бойында асыл тек бардың бүгінге аман жеткендері өз үйіне қайтып оралуда. Рас, олардың кейбіреуі қазақ тілін білмеуі мүмкін, олар сонда да шынайы қазақ позициясы тұрғысынан сөйлейді. Бабалардың асыл тегі өз міндетін атқарып жатыр...

Мутанттар да өз міндетін орындап жатыр, бірақ, ниеттері қара болғандықтан, «қайтсек Қазақстан қайтадан және тезірек орыс тілді бола бастайды» деген мақсатқа жұмыс істеп жатыр. Сол үшін де 28 жылдан бері олар балаларын, немерелерін орыс мектептеріне беріп келеді. Оларға балаларын қазақ мектептеріне беруге кім кедергі? Бәрі өздерінің қолында емес пе?! Қазақ мектептерінің білім сапасын әлемдік деңгейге көтерсе, кім оларға қой деп жатыр? **Жоқ, ыңғайлы, жайлы, ең бастысы үйренішті орыс тілінде өмір сүрулері үшін ғана олар барлығын, тіпті, тұмас ұлтты, даңқты ұлтты, ежелгі ұлтты құрбандыққа шалып жаттыр...**

Осы сапта армен «иық тіресе» «Время» апталығы келе жатыр. Ол сіз бен біздің Отанымызды «жеңіл жүрісті ел» деп атайды және онысын тапқырлықтың шыңы деп біледі. Ұзақ жылдар бойы халықты қазақ ұлтшылдығымен қорқытудан шаршамайтын Central Asia Monitor деген апталық бар. Онда қазақ тілінің жай-күйі туралы көп жазатын, бірақ ешқашан ең бастыны — қазақ тілін қайтсек кеңес кезіндегі орыс тілі сияқты ауадай қажеттілікке жеткізу жайлы ешқашан жазбайтын Женис Байхожа деген журналист бар. Білмегендіктен емес, өте жақсы білгендіктен жазбайтын. Мен ол қазақ тілінің адымын аштырмай отырғандар орыстар емес, орыс тілді қазақтар екенін тамаша түсінеді деп ойлаймын. Бірақ, ұялмастан: «Геноцид болған ба өзі?» деп жазатын (жақында «геноцид тақырыбына неге тым көп бара береміз» деген) адам жайлы не айтуға болады? Бүкіл халықтың ең қасиетті ұғымын қорлау емес пе бұл? Біздің «Қазақ үні» газетіндегі «Женис Байхожа адам ба өзі?» деген жауап-мақаламызды ол жауапсыз қалдырды...

Бірақ, уақыт жүрісін ешкім артқа қарай бұра алмайды. Біз, Құдай қаласа, ұлттық мемлекетімізді құру үшін мүмкін де, мейкіміз еместің бәрін істейміз. ҚР Президенті жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құру — осы бағыттағы қадамдардың бірі.

Бірақ, Әшімбаев пен Шураев мырзалар онда қайдан жүр?!

Өмірзақ АҚЖІПТ,
тәуелсіз журналист
Абай.кз

Жасұлан ИСА:

ЕҢ ҮЗДІК ҚАЗАҚИ ОРТАЛЫҚ НЕЛІКТЕН ЖАБЫЛАДЫ?



«Баланың да төресі болады» десек, Елордамыз бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының ішіндегі көшбасшысы деп қаламыздағы Рахымжан Қошқарбаев даңғылында орналасқан №38 «Шаттық» шағын орталығын айрықша атап көрсетуге болады.

жылдай уақыт болған екен. Сондай-ақ, педагогтардың жеткен жетістіктері мен қоса алғыс хат, марапаттаулары да жетерлік. Орталықтың педагогтары ата-аналармен де тығыз жұмыс жасап, өте жоғары деңгейлі қарым-қатынас орнатып, олардың тарапынан тек алғысқа ғана бөленіп жүргені де көңіл қуантпай қоймайды.

Және де, ауыз толтырып айтатындай жағдайдың бірі — 2017 жылдың қыркүйек айында БҰҰ-ның ЮНИСЕФ балалар қорынан келген өкілдер, республикамыздың ірі балабақша, мектеп, университет, институттарды аралағанда, қаламыздағы осы «Шаттық» орталығына арнайы ат басын бұрып, жоғары бағаларын беріп кеткенді.

Ал, енді, біз үшін «Шаттықтың» ерекшелігі — ол осы орталықтың болашақ жасөспірімдерді білім нәрімен сусындатып ғана қоймай, елге, ұлтқа қызмет ететін азаматтарды тәрбиелеуді мақсат тұтуы. Ұлттық қағидаларымызды, Мемлекеттік тілімізді жоғары қоюлары. Осылайша, балалармен арнайы өткізілетін ойындар, тренингтер, экскурсиялар, мерекелер мен ойын-сауықтар сияқты жұмыстың түрлі нысандарында, тек ұлттық құндылықтар арқылы жетілеу жүйеленгені. Ана тілінде тәрбиеленіп, оқытылатын, жергілікті ұлт балалары санының өсуіне ықпал ететін ұйымдардың бірі де осы «Шаттық» балабақшасы. Осы орталықтан орын алу үшін, ата-аналар қаланың арғы шетінен де көшіп келіп жататын көрінеді.

Аталған шағын орталықта қазіргі, 2019-2020 оқу жылында 470 бала тәрбиеленіп, білім алып отыр екен. Бұл тек осы жылғы көрсеткіш ғана. Әр жыл сайын шағын орталықтан 400-ге жуық бала мектеп табалдырығын аттайды екен.

Қазіргі таңда, орталықтағы жалпы бала саны 235-ке жетіп жығылады. Бірінші кезекте 15 қазақ тобы бар. Оның ішінде: 10-ы мектеп алды даярлық топтары (5 жастағы балалар), 3-еуі ересек тобы (4 жастағы балалар). Қалған 2-еуі, жас ерекшелігі аралас, инклюзивті білім беру және түзету кабинетінің балалары. Екінші кезектегі 14 топтың 10-ы қазақ тобы болса, 3-еуі ғана орыс тобы. Сонда не бары, 29 топ болып тұр.

Есептік көрсеткішпен бала санын көрсетсек, 2012-2019 жылдар аралығында шағын орталықта 600-700 шамасын-

да балалар тәрбиеленіп білім алған екен.

Жұмысын дөңгелетіп жүргізіп отырған үлкен мекемені жабу кімнің ойына келді екен? Не себеп болды? Кімге керек болды? Бұның артында кім тұр деген сұрақтар туындайды.

Жоғарыға бармас бұрын, алдымен жергілікті тұрғындарды әңгімеге тартып көрдік. Кейбіреулерінің айтуы бойынша, сол манайдағы №74 мектеп-гимназияның жартылай босап қалғанынан, соның ішінен мектепке дейінгі орталықтарды ашып орнын толтырулары мүмкін екен. Мұның себебіне үңілсек, аудан тұрғындарының кіші-кіші бәрі, жағаларын сол мектептен «әрі», алыстағы мектептерге апарып жүр екен. «Неге?» деген сұрағымызға, «Баланыңды беріп көріңіз...» деген қысқа жауап алдық. Олай болса, ондай «мектептің» не керегі бар бізге? «Қожайыны» не істеп отыр? Мектептің жанына да барып көрдік. Шыныменде, мектептен көрі, түзеу мекемесіне ұқсайды екен. Тоқсан ауыз сөздің, тобықтай түйінін айтсақ, 5 жылда манайына 5 тал өспеген мектептен қандай білім, тәрбиені сұрауға болады. Оның қасында, кейін ашылған мектептердің жарқырап тұрғандары бірден көзімізге түсті.

Бұл қалай болғаны?

Енді біріміз, осындай шағын орталықтардың саны қазіргі кезде басым болып кетті дегенді солай айтты. Жарайды. Тіпті, солар болғанның өзінде, неліктен ең үздік деген қазақи орталықты жабулары керек? Ал, тап осы ауданнан орыс тіліндегі басымдылықпен, жеке меншік шағын орталықтардың ашылып жатқандарына жол беріліп отырғандарын қалай түсінсек?

Жабылғалы тұрған «Шаттық» орталығының басшысымен де сөйлескіміз келіп еді. Ол кісі, «Мен ештенені айта алмаймын», — деп, сөйлесуден бас тартты. Ал, ата-аналар жекелеген хаттардан ұжымдық хатқа көшгінбейтіндерін айтып, көздерінің жастарын да ерік берді.

Біздің де, жоғарыда отырған «білімділерімізден», еш нәрсені жасырмай сұрағымыз келеді. Не ұстаздармен анылдаспайтын, не ата-аналардың жанайқайына құлақ аспайтын сіздерге не болып бара жатыр?

Ойланайықшы...



28-қараша күні И.Әбішевтің сотында іс материалдарын зерттеу-зерделеу одан әрмен жалғасты. Біз күннің қорытындысын айтуды қорғаушы Мәкіш Есқараев өтіндік. Ол былай деді: «Түске дейін екі сарапшыдан куә ретінде жауап алынды. Олар бұрын тәртіп сараптама жасаған сарапшы Құдайбергенованың тұрғысынан әдістеме бұзылғанын, ол қызметкердің тәртіптік жауапкершілікке тартылғанын айтты. «Әдістеме бұзылған, «Сараптама қызметі туралы заң» талаптары бұзылған, қызмет етуді қамтамасыз етпеді», — деді.

Егер сарапшы объективті қызмет етуді қамтамасыз етпесе, онда сараптама қорытындысын сот жарамсыз деп тануы тиіс. Бұл енді айдан анық нәрсе. Айыптау жағының негізгі дәлелдерінің бірі осы болатын. Біз бұндай жарамсыз сараптама Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі қызметкерлерінің әсер етуінен деп білеміз. Олардың әсері болмаса, сонау Шығыс Қазақстан облысында тұратын сарапшы бұл адамдардың бір де бірін танымайды, не үшін әдістемені, заңды әдейі бұзады, не үшін қойылуға тиіс сұрақтарды қоймай, айналып өтіп кетеді, не үшін қорғау тарабының сұрақтарына жауап бермей кетеді? Біз сондықтан соттан ол сараптаманы жарамсыз деп тануды және сонымен бірге жағадан комплексті сараптама тарабынан алып кетуді сұраймыз. Және ол сараптаманы Шымкент қаласының мамандарына жасатуды сұраймыз. Себебі, біздің ойымызша қазақ тілін таза, жеткілікті деңгейде білетін, сондай-ақ И.Әбішев пен С.Түкеев Шымкенттен болғандықтан, ол өңірдің өзіне ғана тән диалекті бар, сол диалектіні дұрыс түсінетін сарапшылар Шымкентте бар, сарапшыны Шымкент қаласынан тағайындауы тиіс деп білеміз. Біздің бұл өтінішімізге прокурор С.Сүлейменов мырза өз пікірін бүгін, 29-күнгі сағат 15-00-де басталатын сот отырысында білдіремін деді.

Одан бөлек соттағы «арыз беруші А.Шаймерденовтің рөлі қандай бұл істе» деген екі күннен бергі айтыс тағы жалғасты. Біз кешеден бері А.Шаймерденовтің жауаптары біз зерттеп жатқан тергеу материалдарымен қаншама жерінде қабаттасуының көрсетіп, оның арандатушы екеніне дәлелдер келтіріп жатырмыз. 30 томнан тұратын іс материалдарының бір-ақ жерінде, бр ғана абзац бар — ол жерде Шаймерденовтің өзі «мен делдалдың іс-әрекетіне имитация жасадым» дейді. Ал, кеше прокурор айтып қалды, ол — пара беруші деді. Ал, бұл істе «пара алушы» бар, делдал бар, пара беруші жоқ! Пара беруші жоқ бол-

Ислам ӘБИШЕВ:

ПРОКУРОР МЫРЗА УАҚЫТЫ ЖОҚ БОЛСА БІЗБЕН БІРГЕ ОТЫРЫП ДАЙЫНДАЛСЫН, БІЗДЕ УАҚЫТ ДЕГЕНІҢІЗ ӨТЕ КӨП!

са, онда бұл іс «арандатушылық» болып саналады. Қылмыскер жоқ жерде әдейі қылмыскерді қолдан жасау ғой бұл. Соған соттың назарын аудардық. Одан бөлек істегі процессуалдық шешімдердің көбінде тек Шаймерденовтың 2014-жылғы ойдан шығарып алған оқиғасы ЕРДР-ге тіркелгені, тек сол оқиға бойынша ғана алдын-ала тергеу ісі жүргізілгені жазылған. Барлық жерде 366-баптың 4-бөлімі...»

Міне, өздеріңіз көріп отырсыздар, бұл істің ешқандай өмірде біреудің біреуден пара алуға оқталғанын көрсететін шыннайы іс емес, қалайда И.Әбішевті қамауға алуға бағытталған іс екен. Бірақ, о бастан киюласпаған іс сол киюласпаған, қарама-қайшылыққа, қателікке толы күйінде келе жатыр. Осы толып жатқан келер, сәйкессіздіктер жайлы сотталушы И.Әбішев өте әдемі айтты: «Құрметті сот! Судьяның біздің қамау мерзімімізді созуды ұмытып кетуі — бұл Алла-Тағаланың әмірімен болып отырған іс! Істі тіркеуді тергеуші ұмытып кетеді, мерзімді ұзартуды судья ұмытып кетеді, оны прокурор тағы да, тіркелмегенді көрмей қалғаны секілді, көрмей өтіп кетеді. Бұдан басқа да алдын-ала тергеу тарапынан да, сот тарапынан ешуақытта ұмытылып кетуі мүмкін емес нәрселер мүмкін болып жатыр. Бұл қатенің бәрі іс жүзінде ешкім пара алуды ойламағандықтан, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бюросының жоқтан бар жасамақшы болған әрекетінің салдарынан туып отыр. Осыншама қатенің бәріне кінәлі адамдардың бәрін осы сот тергеуінің үстінде әлі сіз өзіңіз тауып, олардың бұндай қиындықтарын білмей, мүмкін болса, 3-желтоқсандағы отырыста айтайын» деді. Судья оған келісті. Осы кезде сотталушы И.Әбішев

сөз сұрады: «Бұл кісілер кешегі сарапшыға да айтқанын істеткен болатын. Содан барып, ол соншама қате жіберуге мәжбүр болды. Прокурор мырза дайын емес екен деп біз осы жерде отыра береміз бе? Біз онсыз да қылмыстық іс қозғалмаса да, алты айдан бері заңсыз отыр екенбіз. Бірақ, біздің қорғаушыларымыз қанша жерден шырылдағанмен, қателіктеріңізді мойындап, босата қояйық деп жатқан сіздер жоқсыздар. 16-қыркүйек күні қамауға отыру мерзімін созыруды да ұмытып кетіңіздер. Олай етуге құзырыңыз жоқ болса да, құрметті сот, 30-қыркүйек күні, артынан барып заңсыз созыпсыз. Енді келіп прокурор мырза уақытым болмады дейді. Уақыты жоқ болса, біздің қасымызға келіп отырсын, бізде уақыт көп, әрі бірге дайындала-мыз...»

Судья осыдан кейін барып прокурорға «осымен екінші рет дайын болмай келіп отырсыз, ендігі жолы дайын болып келетін болыңыз!» деп ескерту жасады. Бұдан соң қорғаушы М.Есқараев сөйледі, сөйлегенде бұй деді: «Құрметті сот! Кешірім сұраймын, сотқа қатысушы тараптар ҚР Қылмыстық-процесуалдық кодекстің талабына сәйкес тек жарысөзге дайындалу үшін ғана қосымша уақыт сұрай алады, прокурордың пікірін айтуға бола сұраныс жасауы заңсыз, ондай норма жоқ заңда, пікірін айтсын енді кәзір». Судья К.Мекемтас қысқа қайырды: «— Шешім қабылданып қойды». Қоғамдық қорғаушы Е.Әбішев: «Кешіріңіз, құрметті сот, анау еді, мынау еді деп мыжи берудің қажеті жоқ деп ойлаймын. Біреуіңіз процесім еді деп кетіп қала бересіз, біреуіңіз уақытым жоқ еді дейсіз, неге біз сіздердің жағдайларыңызды жасауымыз керек үнемі?..» Судья: «...Қорғаушы Әбішев, орныңызға отырыңыз!» «...Жоқ, сонда сіздің қаулыңыз дұрыс болса да, дұрыс болмаса да, біз соған көніп отыра береміз, кезек пе?!» Судья К.Мекемтас: «— Дұрыс шешім, бұрыс шешім деген болмайды бұл жерде, судья шешім қабылдады ма, бітті!..» «Тфу!..»

пен шыжық шығып жатыр. Тергеушілердің ісіндегі заң бұзушылықтан, олар шарт жасасып жалдаған, соттағы тергеу кезінде «ұмытып қалыптын, солай шығар, есімде жоқ, тергеу хаттамаларын қараңыздар, сондағы айтқанымын бәрі шындық, сіздер бұнда мені жаңылыстырғыларыңыз келеді, оларыңыздан ешнәрсе шықпайды» деген сияқты үнемі жалтарма жауап берумен келген, тура қойылған сұрақтардың бір де біреуіне тура жауап бермеуге тырысумен болған А.Шаймерденовтің былықтарынан аяқ алып жүргісіз, бірінен соң бірі тізбектеліп келіп тұр. Сот тергеуіндегі әрбір сөздің салмағы өте ауыр, олардың бәрі де маңызды. Бірақ, оның көтерме жаза беруге газет көлемі бәріне жетпейді. Сондықтан, кей-біреулеріне ғана тоқталуға мәжбүрміз. Мысалы, мына жерде А.Шаймерденовтың тағы бір өтірігі ашылды.

Прокурор кезекті бір құжатты оқып болған соң, қорғаушы М.Есқараев тағы да сөз сұрады: «Жаңа оқылған хаттан өздеріңіз естіп отырсыздар, СМП-610 мекемесі 2018 жылдың 1 тамызына ҚР Ауылшаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетімен келісім-шартта көрсетілген 1370 млн.теңгенің орнына бар болғаны 447 млн. теңгені игерген. Мердігер бөлінген қаржыны игере алмайтын болса, онда ол келісім-шарт заңды түрде бұзылады. Құрметті сот, А.Шаймерденовтің бізге берген жауабының бәрі өтірік, ешкім ешкімге ешқандай да көп-көрінеу қысым жасамаған, құжат көрсетілмеген: «Объектіде жұмыс жүргізіліп тұр, техника тоқтап тұр, адам ресурстары мен техниканың толық көлемі жоқ» дейді. Мына хат — факт, фактіге қарсы ешкім ешнәрсе дей алмайды ғой».

Сотталушы И.Әбішев сөз алды: «Құрметті сот, мен қорғаушымынның сөзін толықтырып, сіздің назарыңызды мына нәрсеге аударғым келіп отыр. 447 млн. теңге — ол біздің мекеме жұмыс істеуге қажетті түрлі техника, жабдық сатып алсын деп

алдын-ала төлем етіп аударған ақшамыз. Ал, олардың бар игерген қаржысы 37 млн. теңге ғана! Бір емес, 5-6 ай күткенбіз, бұлар қашан жұмыс бастар екен, бір емес бірнеше ескерту хат жазғанбыз. Келісім-шартты бұздыңдар деп, ұялмай-қызармай, олар...бізді сотқа да берген. Оны да екі сатыда ұтып алғанбыз. Біз енді ол Шаймерденовтің компаниясы екен деп қарап отыра бермейміз ғой. Одан кейін арыздың астында қалғанбыз...»

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық бюро (әрмен қарай Ұлттық бюро — Ө.А.) бір Шаймерденовтың, жеке адамның

құқығын қорғағанының салдары тұтас саланы қиратумен тең болды — біздің кәсіпорындар, мекемелер қаптаған, шетсіз-шексіз тексеруден көз аша алмай қалды. Игерілуге тиіс 224 мың суармалы жердің 26 мың гектары ғана қолдануға берілді, апатты жағдайдағы, жөнделуге тиіс 8 (сегіз) Су тоғаны жөнделмей қалды. Айта берсе, сөз көп, құрметті сот...» Шаймерденов демекші, 5 желтоқсан күнгі сот отырысына куә ретінде шақырылған Ұлттық бюроның қызметкері, жедел уәкіл Жәрдем Смағұлов қорғаушы Мәкіш Есқараевтың: «Шаймерденовтің жасырын тергеу іс-әрекетіндегі мәртебесі қандай болды — пара беруші ме, жоқ әлде делдал ма?» деген сұрағына жауап берген алған жок. Ал, сот материалдарын зерттеу-зерделеу кезінде қорғаушы М.Есқараев судья К.Мекемтастың назарын бір емес, бірнеше мәрте жасырын тергеу іс-әрекеті жайлы хаттама толтырған тергеушілердің бір де бір оның делдалдың рөлін алмайтынын (имитация жасайтын) ия пара берушінің рөлін ойнайтынын ашып жазбай, сызық тастап кете бергендеріне аударған болатын. «Бұл — байқамай емес, әдейі істелінген.

Себебі, олар сол кезде-ақ өздерінің ісі шикі екенін білген. Көріп отырсыздар, істе пара алушы бар дейік. Ислам Әбішев — пара алушы. Ұлттық бюроның нұсқасы бойынша. Делдал бар Шаймерденов. Енді пара беруші қайда? Жок кой. Ол жок болса, қылмыстық іс те жок. Қысқартылуы тиіс. Соның рөлін іс жүзінде, хаттама да нақты көрсетілмесе де, Шаймерденов атқарып жүргенін көріп отырмыз». Ж.Смағұловтың да ауыз аша алмай отырғаны сол.

Ж.Смағұлов сондай-ақ, сот отырысында Шаймерденов Серік Түкевке берген 10 млн. теңгенің 9 млн.теңгесі Ұлттық бюроның ақшасы екенін де мойындауға тура келді...

Мәкіш ЕСҚАРАЕВ:

ҚЫЛМЫСҚЕР ИСЛАМ ӘБІШЕВТЕР ЕМЕС – ИСМАГУЛОВ!

Әділдік іздеп, сотқа келген елдің ең айызы қанып тұндағаны – адвокаттардың Ислам Әбішев ісіндегі арандатушылар – тергеушілерді тергеуі болды!

Бұлар, мысалы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ұлттық бюросының жедел уәкілі Жәрдем Исмагулов сот залына кіргенде есі екеу, түсі төртеу болып, өңі қашып, үркіп тұрды. «Есі екеу, түсі төртеу» деп босқа айтып отырған жоқпыз. Адвокат Мәкіш Есқараев пен Ерлан Мәкеновтардың нақты, тура дәлелді сұрақтарынан сұры қашып, сабақ білмейтін «екілік» оқушыдай жауаптардан жалтарып, тек қана: «Не знаю», «не помню», «затрудняюсь ответить» деп, жаттап алған сөздерінен басқа сөз айтып жарытпады.

Егер сотта бес адвокат түгел болғанда, Абзал Құспан бастаған үш адвокат болмай калмағанда, прокурорға қайта-қайта жалтақтап жәрдем сұраған Жәрдемге ешкім «жедел жәрдем» бере алмай, жағдайы қиын болар еді...

Ислам Әбішевтің сұрақтары адвокаттардан кем болған жоқ. «Есіңнен айырып қалдым дейсің құдай солай есіңнен айырып қойған ғой» – деген ол: « – Менің Шаймерденовпен сөйлескенімнің фиксациясы бар ғой, содан соң ешқандай кездесу болмады деп тұрсың, солай ғой», – деді. Исмагулов фиксация жасалған тыңдау бойынша бәрін айтып жауап берді.

«Бәрін үтір, нүктесі мен сандарына дейін айтып бердің ғой бұны. Есің кірді ғой сенің, енді бәріне жауап берсейші.

Құрметті судья, мынау Исмагуловтың есі енді кірді. Енді баған «естіме жок» деп Исмагуловтың бар екенін сұрады. Енді қайта қояйық!», – деп еді, жұрт күлкімен қырылып қалды...

Адвокат Мәкіш Есқараев: « – Серік Түкеевтің Шаймерденовке демеушілік үшін беретін ақшаны Күрес федерациясы есепшотына аударындар», – дегенін есітіңіз ғой жасырын тыңдауда?

– Иә, есіттім.

– Онда бұл 10 миллион теңгенің Шаймерденовтың өзі ұсыныс жасап, Қазақ күресі федерациясына Спонсорлық үшін берілген ақша екені, ол қаржының бір тиынына дейін Федерация есепшотына кіріс жасалғанын білесіз бе?

– Білемін.

Жедел уәкіл Жәрдем Исмагулов адвокат Мәкіш Есқараевтың: « – Жасырын тергеу амалдарын жасағанда Шаймерденовтың статусы қандай болды? Пара беруші ме, әлде делдал ма?» – деген нақты сұрағына сол күйі жауап бермеді. Ұлттық бюро тергеушілерінің арандатушылық жансыз әрекеттеріне анық көзі жеткен адвокат Мәкіш Есқараев судья Қ. Мекемтасқа қарап:

– Құрметті судья! Қылмыскер Ислам Әбішев пен Серік Төкеев емес – қылмыскер мынау, қарсы алдыңызда тұр – Жәрдем Исмагулов!», – деп саусағымен шұқып көрсетті.

Жәрдем Исмагуловтан үн шықпай қалды...

Осы жерде Ислам Әбішев ісіндегі қарапайым жәй халыққа да айқын көрініп тұрған арандатушылықтар мен заңсыз құйтырлықтардың қаптап жүруі Қазақстан Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан Халқына Жолдауында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ұлттық бюро туралы: «Заңсыз және арандатушылық әрекеттерге барғаны үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдарының қызметкерлерін қатаң жазалау керек. Ондай қызметкерлерге тергеу саласында орын жоқ!» – деген ауыр айыптауына нақты дәлел болып тұр.

Серік Төкеев сексот (секретный сотрудник) Шаймерденовтың Күрес федерациясына спонсорлық жәрдемі деп ұсынған 10 миллион теңгенің 9 миллионы Антикордың (Ұлттық бюро) ақшасы екенін білгенде:

– Онда біздің Дүниежүзілік Қазақ Күресі федерациясының Голландияда өткізген чемпионатына спонсор болған Антикор екен ғой. Рахмет оларға! Біз Голландияда чемпионатты өте жақсы өткіздік. 10 миллионның әр тиынына дейін есебін бердік, – деп елді ду күлдірді...

Бүгінгі соттың түстен кейінгі отырысы Ислам Әбішевтің денсаулығына байланысты 9-ыншы желтоқсанда танертен 10-00-де жалғасатын болды.

Әлі 4 тергеушіден жауап алынады. Олар:

1. Талғат Идрисов
2. Дамир Бахитов
3. Айдар Аташев
4. Айтуар Агибаев

Қызықтың бәрі алда болайын деп тұр...

Қазыбек ИСА
Qazaquni.kz



ИСЛАМ ӘБІШЕВТІҢ СӨЗІНЕН ҮШ АЙ ТЫҢДАЛҒАНДА БІР ІЛІК ТАБЫЛМАДЫ...

Ислам Әбішев пен Серік Төкеевтің соты бүгін тағы да Ұлттық бюросының тергеушілері жүргізген жасырын тыңдауларды сараптауға арналды.

Бір анығы, тергеушілердің тері арамтер болып, жасырын тыңдауда Ислам Әбішевтің бір сөзі де жоқ күмән тудыратын. Сексот (секретный сотрудник) Азамат Шаймерденов ауадан жасап алған жоқ «параны» (іс бойынша пара берген де, алған да ешкім жоқ екені анықталды) ұсынбақшы болып, қанша жан-таласса да, қарамағына түсіре алмай, арандатуының ауа қармап

қалғаны көрініп тұр... Қайта Шаймерденов (атын жазуға ол атқа лайық болмағандықтан, айтпай отырмын) қайта-қайта «пара» ұсыну ұшығын шығара бастағанда Ислам Әбішевтің: «Маған ондай ақшаның қажеті жоқ!» – деп айттым ғой сендерге!», – деп тыйып тастағаны анық естіліп тұр...

Бүгінде Ислам Әбішев пен Серік Төкеевке арналған 30 том түгел сарапталып бітті. Онда да ешбір дәлел жоқ! Қолдан құрастырып, жамап-жасқаған іс екені әр томның әр бетінен айқайлап тұр...

Ал сұралған 20 шақты куәгердің бәрі, жала жабушы сексот Шаймерденовтен басқалары түгел Ислам Әбішевтің пайдасына жауап берді. Ал тергеушілер Ислам Әбішевке қарсы салуға пайдаланбақ болып сеніп әкелген марқұм Жампозовтың ұлы тергеушілердің өзін қорқытып, қолдан жасаған, өздері жазып қолдан жасағанын ашық айтып, Ұлттық бюро қызметкерлерінің арандатушы қылмыстарын әшкерелеп берді. Сөйтіп прокуратура мен Ұлттық бюро тергеушілері маскара болып жатқан жайы бар...

БЕС АДВОКАТЫ БАР СӘУЛЕ СОТТЫҢ ӘДЕМІ СУРЕТІН ІЗДЕП КЕТТІ...

Бүгін түске дейін өткен сотта судья Қажымұқан Мекемтас Ислам Әбішев ісіне тұрақты қатысып, жүйелі түрде жазып келе жатқан белгілі журналист, қазақ телеарнасының Ақжүнісі атанған Сәуле Әбілдаханқызына ескерту жасады.

«Сіздер өтіп жатқан процесті толық және анық жазыңыздар. Содан соң менің әдемі суретімді салыңыздар! Мен осыны ескерттім сіздерге» – деді.

Алдында қазақ тілін жетік білмегеніне байланысты Ислам Әбіштің адвокаттары мен қорғаушылары үш рет сенімсіздік білдіріп, елордада одан артық қазақ тілін білетін сот болмағандықтан, үш рет қайтвп келген, өткен отырыстардың бірінде Сәулеге залдан шығып кетуді талап еткенде бүкіл сотқа қатысушылар соттың орынсыз талабына қарсылық ретінде бәрі бірге шығып кеткен оқиғадан кейін бүгінгі сот өтінішіне не дерін білмей тежеліп қалған журналист:

– Сіздің әдемі суреттеріңіз де бар, салып жүрміз ғой», – деді.

Елдің бәрі ду күлді.

Бұл сот Мекемтас пен журналист Сәуле арасындағы тұңғыш бейбіт келісім диалогы еді.

Түскі үзілісте кафеде шәй ішіп отырғанда таныстардың бірі Сәулені іздеп, менен сұрады.

– Сәуле соттың әдемі суретін іздеп кетті... – деп едім, отырғандар ду күлді...

Ал түстен кейін Абзал Құспан

мен Сәуле Әбілдаханқызының үстінен Арман Шораевтың сотқа арыз жазуына байланысты желтоқсанның 10-ына Алматыға сотқа баруы керектігін естіген Ислам Әбішев барлық бес адвокатын да осы сотқа жіберуге шешім қабылдады.

Ары қарай Сәуленің өзі айтсын:

«10 желтоқсан күні Арман Шораевтың арызы бойынша Абзал Құспан екеуіміздің сотымыз болатынын Ислам аға Әбішев естіпті. (Абзал өзіміздің сотымыз болатынын айтып, сұранса керек... ол жағын білмедім).

Абзалға «сен өз-өзіңе адвокат бола аласың, маған кім адвокат болады?.. Алматыдан таныс, адал адвокат тауып берсей...» деп күліп жүргем.

Содан, не керек, бүгін қызық болды ғой...

Ислам аға бүгін адвокаттарының бәріне былай деді:

– Жігіттер, 9-10 желтоқсан процесті тоқтата тұрып үзіліс алыңдар да, бәрің Абзал мен Сәуленің сотына барып, осы екеуін қорғандар!.. Жол шығындарыңды мен көтеремін! Бұл екеуін кім көрінгенге талатпандар, бізді талап жатқандары да жетер!.. – деді.

Күтпеген жерден, ойламаған жерден менің енді бақандай 5 адвокатым бар!!!

Өзі 9 айдан бері тар қапаста күн санап, сағат санап, тезірек бітсе екен деп отырған адамның

бұл сөзіне қалай жүрегің езілмейді?

Аға қамқорлығын, Әке мейірімін сезгендей, көзіме жас кеп, тамағым өксік тірелді...

Азамат, Тұлға екен осындай болады екен-ау!!!!..

Біз үшін Әбішев ағамыз бен Түкиев ағамыздың соты екі жарым күнге тоқтайтын болды. Алдағы апта сот отырысы 11 желтоқсан күні түстен кейін 15.00-де жалғасатын етіп судья Қ.Мекемтас графикті бекітті...» – деп жазды ол Фейсбук парақшасына.

Сонымен, Сәуле Әбілдаханқызының жұмылғанда жойқын жұдырық болатын бес саусақтай белгілі бес адвокаты бар. Олар: атақты Абзал Құспан бастаған Мәкіш Есқараев, Ерлан Мәкенов, Алмас Абдрахманов және Саян Жүнісбаев.

Мұны естіген мен ер жігітке бергісіз батыл Сәуле қарындасыма:

– Ақыр Исекеннің бес адвокатын алған екенсің, соттарға қазақ тілін қалай іс жүргізуді үйретіп отыратын қорғаушысы Ерлан Әбішевті де сұрап алмадың ба? – деп әзілдеп қойдым...

Иә, Қазақтың ұлы жазушысы Бейімбет Майлиннің:

« – Қайдан келесің?

– Соттан келемін.

Соттан емес-ау оттан келемін» – дегенінің нағыз өзі болып жатыр...

Қазыбек ИСА

УЧЕНЫЙ-ТЮРКОЛОГ: ПУСТЬ ТЕПЕРЬ КТО-НИБУДЬ ПОПРОБУЕТ НАС УПРЕКНУТЬ, ЧТО МЫ МЛАДОПИСЬМЕННЫЙ НАРОД



Как казахстанское Правительство проспонсировало реставрацию рукописи Codex Cumanicus и, как нынешняя министр культуры воспроизвела средневековую запись мелодии кыпчакского перевода латинского гимна современной нотописью.

Об этом в интервью МИА «Казинформ» рассказал выдающийся ученый-тюрколог, автор многих книг, публикаций исторических текстов, главный научный сотрудник Казахского научно-исследовательского института культуры и Института языкознания Комитета науки МОН РК Александр Николаевич Гаркаев.

Потрепанная тетрадь, среди прочего в ней на двух страницах рукопись, записано 47 загадок. Это самая первая фиксация тюркских загадок в мире.

Автор этой рукописи занимался миссионерством среди кыпчаков, переводил проповеди, части Святого Письма, гимны на кыпчакский язык. И с этой рукописью ее автор вернулся из Крыма в Италию. На генуэзском корабле «Святой Георгий» он оказался в устье реки Дунай, в городе Килия, где по поручению капитана судна внес запись в журнал местного генуэзского консула. Звали его Антонио, был он из города Финале. Имя Антонио де Финале мы находим и в рукописи Codex Cumanicus – письменности кыпчакского языка. Впоследствии эта рукопись оказалась в Венеции у знаменитого поэта итальянского Возрождения Франческо Петрарки. Сегодня она хранится в Национальной библиотеке Маркиана.

С этой небольшой истории начал интервью Александр Гаркаев:

– Франческо Петрарка, обладатель крупнейшей коллекции пергаментных книг Италии, очень дорожил этой невзрачной бумажной тетрадкой. На ее страницах кто-то вписал мелким почерком подстрочник к кыпчакским записям в виде отдельных глосс, причем с сокращениями, типичными для канцелярских нотаций. Эти латинские глоссы вставлены человеком, который не знал кыпчакского языка, но его изучал. Конечно, это, наверное, не Антонио де Финале, потому что он, по всей видимости, знал язык. Может быть, это сделал Петрарка, ведь он, как мы знаем, живо интересовался кыпчаками, которых в то время в Европе называли куманами или татарами. Одно время говорили, что имеющиеся в тетради стихи на латинском языке тоже написаны Петраркой. Но это не подтвердилось. Написаны они в тот момент, когда у того, кто писал, не было чернил, и он их записал в технике граффити – попросту нацарапал. А еще дважды набросал

силуэт попугая, а потом, когда у него появились чернила и перо, повернул нарисованного попугая и записал эти же стихи уже чернилами. Несколько столетий наша тетрадь хранилась среди пергаментных книг в кладовке над входом в собор Святого Марка. От сырости многие обветшали и слиплись в кирпичи, но эта чудом уцелела. Через века ее обнаружили европейские востоковеды. И публиковали ее фрагменты на латыни, по-немецки и на других языках. У



нас были изданы основные тексты и словарная выборка.

– Александр Николаевич, как вам удалось поработать с этой рукописью?

– Я изучал много тюркских памятников, публиковал, знал диалекты, знал те средневековые языки, которыми пользовался автор рукописи. Мне удалось полностью прочесть эту рукопись от первой до последней страницы, в том числе небрежные заметки, примечания пользователей и пробы пера. Благодаря тому, что Правительство Казахстана оплатило венецианской библиотеке реставрацию рукописи. Я ездил в эту библиотеку, но рукопись раскрыта как следует не мог, потому что места она была небрежно склеена и сшита, расширить ее было нельзя по условиям хранения. Сшил ее и оправил в стандартный кожаный переплет че-

ловек, которому было все равно, что в ней содержится. Мне в библиотеке сказали, что если вы сами оплатите реставрацию, мы разошьем и отреставрируем. Я стал искать спонсоров среди наших бизнесменов. В этот момент мне позвонила замминистра Актоты Рахметоллаевна Раимкулова: «Вас приглашает министр, хочет с вами побеседовать по поводу кыпчакских письменных памятников, которые вы издаете». Я говорю: «Я с министрами сколько встречался, пользы от них никакой, не поеду». Очень нагло себя повел, даже неудобно потом было за свои слова, но она сказала, что, быть может, решит как-то по-другому. Проходит буквально 2-3 недели, и министр культуры Арыстанбек Мухамедиулы вместе с ней и помощником пришли ко мне домой.

– Как получилось, что Вы расшифровали древнекыпчакский гимн и его мелодию, а нынешний министр культуры и спорта Актоты Рахметоллаевна Раимкулова смогла сделать его современную запись? Что Вы можете рассказать об этом?

– Когда они сидели у меня в кабинете, я показал те ноты, которые были написаны 700 лет назад, с подтекстовкой. Честно скажу, сколько музыкантов ни брались, обещали посмотреть, но все разговоры заканчивались ничем, а Актоты Раимкулова сходу стала читать с листа эти средневековые ноты. Буквально за день-два до планируемого завершения печати книги она прислала мне свою запись, и на следующий день книгу напечатали. Выполни-



ла она этот набор современными нотами в компьютерной программе Sibelius. Потом, когда книга уже вышла, эту мелодию стали исполнять на концертах, затем уже и с текстом в фильме о Codex Cumanicus. Самое грандиозное исполнение этой мелодии и текста – в оратории Карла Дженкинсона – 2 июля 2018 года на сцене «Астана опера» коллективом в тысячу музыкантов плюс дирижер.

– Получается, у кыпчаков издавна была письменность и даже ноты?

– Нас всегда немного унижали и говорили, что мы народ младописьменный, что у нас письмо появилось только во времена царской России, хотя было и руническое и другое, но это не в счет. Считалось, что вот вам дали письмо на основе сначала латиницы, потом кириллицы, а на самом деле у наших предков-кыпчаков были даже ноты,

записывали их по-европейски. В принципе, тюркская культура, как и любая другая, активнее всего развивается в контакте с другими культурами. Кыпчаки, предки казахов и других тюркских народов кыпчакской группы, попадали в контакт с арабами, персами, европейцами, китайцами, и везде есть следы от этих контактов. Везде есть письменные памятники, их очень много. Благодаря судьбе мне удалось опубликовать свыше 130 письменных памятников, составленных греческим, армянским, латинским, еврейским, арабским письмом, кириллицей и древнетюркской руникой.

– Много еще есть неизученных материалов?

– Много. Есть даже крупные, которые буквально недавно обнаружены. Есть кыпчакский перевод «Шахнаме» из Египта, который Роллан Сейсенбаев опубликовал в виде факсимиле, но над текстом еще надо работать. Это крупный письменный памятник, очень большой пласт лексики, очень хорошие стихи, перевод великолепный. «Шахнаме» – новый, несколько лет назад открытый памятник. Впереди много работы. Больше всего письменных памятников я издал на армянском письме, греческом, латинском, кое-что на руническом письме. Я надеюсь, что польза от этого есть нашему народу, и теперь пусть кто-нибудь попробует нас упрекнуть, что мы младописьменные.

– Я посмотрел Ваши работы, и к уже выпущенным материалам у

идет загадка про журавля. Журавль по-украински, по-гречески по-латински – это не только птица, это еще и подъемник над колодезем, а также строительный кран. Высокий подъемник – столб и поперек длинная жердь. Рычаг на стойке. Называется журавлем. У него только одна очень высокая «нога» и очень длинная «рука». Потом я уже понял, что я не правильно разделил слово, а отгадка не пропущена, отгадка есть в следующей загадке про журавля. И в новом издании, это большое счастье, мне удалось опубликовать исправленное чтение этой загадки: «Butu – butu uzun, butundun arıq – «Его нога – нога у него длинная, от ноги идет рука, длинная».

– У Вас третьим изданием вышла книга «Великая степь в античных и византийских источниках». Как создавался этот труд?

– Мне поручили подготовить сборник материалов из древнегреческих, латинских и византийских авторов о Великой Степи. В наших исторических трудах из этого комплекса используются три-четыре автора, пять-шесть цитат, и все. Я перебрал около 500 авторов, около 2,5 тысяч произведений на этих языках и в переводах на европейские языки. Сделал выборку из 500 произведений более 150 авторов. После этого труд выпустили двумя небольшими томами за государственный счет, а за счет спонсоров опубликовали полностью, дважды. Теперь – в третий раз, но за государственный счет. Codex Cumanicus и «Великая Степь» попали в список социально значимой литературы. Причем «Великая Степь» значительно переработана и дополнена.

– Над чем Вы работаете, какими исследованиями занимаетесь сейчас?

– К каждому письменному памятнику я делаю словарь. Не просто слова с переводом, а словарь со словосочетаниями, образными выражениями. Показываю не только лексический состав, но и лексическое богатство языка. А еще пишу «Кыпчакскую грамматику в идеале», то есть в соответствии с исконными грамматическими нормами. Чтобы предохранить современные кыпчакские языки от пагубного воздействия могущественных языков окружения. Такой подход. Недавно приехал ко мне президент Турецкого лингвистического общества профессор Гюрер Гюльсевин и сообщил, что они публикуют пару моих книг по урумам – тюркоязычным грекам Приазовья: словарь и тексты на 12 диалектах. Словарь вышел месяц назад. Турецкое лингвистическое общество замыслило издать турецкие версии других моих книг – Codex Cumanicus, 1800-страничного Кыпчакского словаря, только что изданного «Гарджумана – арабского учебника чисто тюркского, то есть «кыпчакского языка» 1343 года и еще некоторых. Буду участвовать в их переводе и редактировании. Вот такая перспектива.

– Спасибо за интервью!

Данияр ДАУТАЛИЕВ

РУССКИЙ ЯЗЫК ТЕРЯЕТ ПОЗИЦИИ.

ЧИСЛО ИЗУЧАЮЩИХ РУССКИЙ ЯЗЫК В МИРЕ УПАЛО В 2 РАЗА СО ВРЕМЕН РАСПАДА СССР

По данным экспертов Минобрнауки, к 2018 году в мире почти вдвое сократилось количество изучающих русский язык иностранцев. Согласно их прогнозу, интерес к изучению русского языка и численность русскоговорящих продолжают снижение. Об этом сообщает РБК.


КАК РУССКИЙ ЯЗЫК ТЕРЯЛ ВЛИЯНИЕ

Количество людей, изучающих русский как иностранный и обучающихся на нем в школах, колледжах и вузах, в мире упало примерно в два раза за постсоветский период, следует из доклада (есть у РБК) подведомственного Минобрнауки исследования (ФГАНУ «Социоцентр»). Доклад был подготовлен по заказу и на грант Министерства просвещения.

Русский язык сейчас занимает десятое место в мире по распространению, его используют в 27 странах, говорится в документе. По данным «Социоцентра», если в начале 1990-х годов число изучавших русский составляло 74,6 млн человек, то к 2004 году сократилось до 51,2 млн, а к 2018-му — до 38,2 млн человек. Без учета стран бывшего СССР число изучавших русский упало по всему миру за постсоветский период с 20 млн человек до чуть более 1 млн.

Данные получены на основе подсчетов профильных министерств различных стран, Россотрудничества, а также ассоциаций русистов. Доклад «Социоцентра» был представлен межведомственной комиссии по русскому языку под руководством министра просвещения Ольги Васильевой.

Меньше стали владеть русским языком преимущественно в Восточной Европе и на Балканах, там к 2015 году осталось 8 млн русскоговорящих против 38 млн в 1990 году. В странах бывшего СССР также произошло снижение с 119,5 млн до 82,5 млн говорящих на русском.



Жақында «Қарағанды қаласының облыстық перинаталдық орталығы» базасында облыс бойынша «Астана» оқу-клиникалық орталығының қолдауымен «Педиатрия мен неонатологияда тыныс алуды қолдау» тақырыбы бойынша халықаралық тренинг-семинар өтті. Семинарға интенсивті педиатрия бойынша Испан Қоғамының тыныс алуды қолдау жөніндегі нұсқаушысы, Халықаралық топтың үйлестірушісі, Н.И.Пирогов атындағы Ресей ұлттық зерттеу медициналық университетінің балалар анестезиологиясы мен интенсивті терапиясы кафедрасының ассистенті, балалар реаниматолог-анестезиологы Лоайсо Уго Карлос Левано мен нұсқаушы, Мәскеу қаласындағы Н.Ф.Филатов атындағы №13 қалалық балалар клиникалық ауруханасының неонатология және интенсивті терапия бөлімінің меңгерушісі Наталья Елисеева шақырылды. Осы орайда халықаралық медицинаның педиатрия саласында 30 жыл тынымсыз еңбек етіп келе жатқан дәрігер Уго Карлос мырзамен болған шағын сұхбатты оқырмандарымызға ұсынамыз.

БАЛАЛАР ДЕНСАУЛЫҒЫ БАСТЫ НАЗАРДА



— Біздің әдістеме курстарымыз 2005 жылдан бастау алады. Сонау АҚШ, Латын Америка, Италия, Испания, Португалия, Аргентина, Мексика, Уругвай, Чили, Гондурас сияқты шет елдерде және Қазақстанды қоспағанда, Украина, Беларусь сияқты ТМД елдерінде дәріс беріп келеміз. Көп жылдан бері жаңа туылған нәрестелермен сәбилердің тыныс алуын қолдау симуляциялық курстарын ұйымдастырамыз. Менің бастамашыл тобымның мүшелері осы саланы қамтитын халықаралық конференциялардың модульторлары болып келеді. Осы мәселеге қатысты бірінші халықаралық конгрессті біздің топ Мәскеу қаласында өткізді. Ал Қазақстанда аталмыш курс алғаш рет 4 жыл бұрын іске асқан болатын. Әдістеменің өзіндік ерекшеліктері бар — біздің курстарымыз жұмыс тәжірибиесі бар дәрігер мамандар. Олардың дәрігерлік қызметтегі шеберлігін халықаралық стандарттарға сәйкес шындей түсуіне бағыт-бағдар беру біздің міндетіміз. Біз дәрігерлердің жұмыс істеу моделін өзгертеміз. Және достық-ынтымақтастық қарым-қатынасты орната отырып теорияны құрғақ дәріс түрінде емес, арнайы құралдардың көмегімен нақты жағдайларды тудырып, оны дұрыс шешу жолдарын көрсетеміз.

— Әдістемені жылдан-жылға өзгертіп, толықтырып отырсыздар ма?

— Жок, әдістеменің өзі өзгертілмейді, бірақ аудиториясына қарай оның психологиялық аспектілері толықтырылып отырады. Себебі, біздің курсымыз әлемнің көптеген елдерінде оқылатындықтан, сол елдің тұрмыс-тіршілігі, ұлттық ерекшеліктері ескеріліп, тақырыпты жеңіл менгеруге бейімдейміз. Бұған қоса, Италия, Испания елдерінде курс сол елдің тілінде өтеді.

— Ал, Қазақстанның Қарағанды қаласына бірнеше рет келуіңіздің өзіндік себебі бар ма?

— Қарағанды өңірінде өз мамандығына аса қызығушылықпен қарайтын, ынта-жігерлі жас дәрігерлер көп. Қазіргі таңда медицина индустриясында жаңа технологиялар, заманауи дәрігерлер қарқынды дамуға. Дәрігерлер осы орайда үнемі біліктіліктерін арттырып отыруы тиіс. Мен өзім халықаралық дәрігерлер конгресіне жиі барып, кәсіби деңгейімді арттырып отырамын. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген әріптестеріммен ынтымақтасып, тәжірибе алмасу біздің жоғары деңгейлі дәрігер болып қалыптасуымызға зор ықпал етеді. Әрине маған орыс тілін

айтпағанда, ағылшын, итальян, испан, француз және португал секілді шет тілдерін меңгергендігім үлкен жеңілдік береді. Сондықтан сол білімді жергілікті жерлерге таратуды өз борышым деп есептеймін.

— Қарағандылық дәрігерлер Сіздердің тәжірибелік дәрістеріңізді қабылдау тұрғысында шетелдердің дәрігерлерінен ерекшеленеді ме?

— Айтарлықтай айырмашылық жоқ, өйткені ғаламтор бой көтерген заманда дәрігер өздерін қызықтыратын қандай да бір ақпаратты еш қиындықсыз таба алады. Бірақ сол ақпаратты іс жүзінде дұрыс қолдана білу үшін біз көмекке келеміз. Әрине, Латын Америкадағы жас дәрігерлер Қазақстан, Ресей дәрігерлеріне қарағанда өте белсенді, өйткені әлемдік меди-

сондықтан медициналық көмектің сапасын арттыруымыз керек, біз жоғары деңгейдегі білікті маман болуымыз керек, себебі мұның астарында адам өмірі жатыр.

— Уго мырза, жаңа туылған нәрестелер мен сәбилердің тыныс алуын қолдау барлық жағдайда он нәтиже бере ала ма, жоқ мұндай көмектің де теріс әсерлері бар ма?

— Күрделі дертке шалдыққан балалардың 75% мұндай көмекке зәру. Оның екі жолы бар: инвазивті және инвазивті емес тыныс алуды қолдау. Яғни, біреуі маска арқылы болса, екіншісі хирургиялық жолмен трахеяға түтікті өткізе отырып, өз бетімен тыныс ала алмайтын балаларға оттегінің ағзасына түсуін қамтамасыз ету. Бір сөзбен айтқанда, адам өмірін сақтап қалу. Мұндай көмек дер



цина әдебиеті ағылшын тілінде алға басқан, сондай-ақ бұл мамандар өз білімдерін халықаралық медициналық конгрестерге тұрақты қатысу арқылы ұштап келеді. Бұл ретте ағылшын тілін білу айтарлықтай жетістіктерге жеткізеді.

— Қазіргі медицина көңіліңізден шыға ма?

— Бүгінгі медицина кешегі күннен әлдеқайда озып келеді. Кешегі емделмейтін ауру түрлеріне қазір ем-дауа табылуда. Жүрек, сүйек кемігінің үстел жасушалары, бүйрек, бауыр сияқты ағзаларды ауыстырып отырғызу, онкологиялық арулардан айқырту осы күнгі медицинаның жетістіктері болғанмен, ешкімді таң қалдырмайды. Ал ауыр науқасқа шалдыққан сәбилердің тыныс алуын қолдау үшін арнайы күтім қажет. Бұл менің мамандығым. Ота жасалған балаларды қалыпты өмірге оралуына дәрігерлерге бүгінгі күннің талаптарына сай келетін жаңа технологияларды меңгеру шеберлігі міндеттеледі. Өкінішке орай, менің байқағаным, көптеген әлем елдерінде дәрігерлер аса қымбат жабдықтардың медицинадағы мүмкіндіктерін тек қана 10-15% пайдаланып отыр.

кезінде көрсетілмесе, өлімге әкеп соқтырады. Әрине, инвазивті емес тыныс алуды қолдау ұзақ уақытқа созылса, басқа ауруларды тудыруы мүмкін. Біз жағдайда дәрігердің кәсіби біліктілігі өте маңызды роль атқарады.

— Сіздің байқауыңызша, біздің елдегі медициналық мекемелердің жабдықтары қазіргі заманның халықаралық стандарт талаптарына жауап бере ала ма?

— Қазақстанда мені таң қалдырғаны, әрі қуантқаны — ел үкіметі медициналық жабдықтарға көмекті қаражатты жұмсап отыр. Бұл аппараттардың басым көпшілігі халықаралық стандарттарға сай келеді, дамыған еуропа елдері де дәл осындай жаңа медициналық технологиялармен жабдықталған. Бірақ жабдықтардың барлық мүмкіндігін толық пайдаланған жағдайда ғана ол өзінің құндылығын арттырады. Алайда дәрігерлерге өз бетінше үйреніп алу айтарлықтай қиындық туғызары сөзсіз, сондықтан сіздің елде денсаулық сақтау мекемелері тарапынан осындай тәжірибелік курстарды ұйымдастыруының мәні зор. Бұл тек біздің құрынын аясында ғана емес, көптеген шетелдік мықты дәрігерлер Қазақстанға келіп тәжірибе алмасуда.

Халықаралық «Болашақ» бағдарламасы қазақстандықтар үшін толағай мүмкіндік. Мұндай беталыс өкінішке орай басқа елдерде байқалмайды. Мысалы, Еуропада дәрігерлер кәсіби біліктілігін өз қаражаты есебінен көтереді.

— Уго мырза, міне он күнге жуық уақыт бойына дәрістеріңізді Қарағанды қаласымен қоса, Теміртауда да оқытып жүрсіз. Алайда сол елдердің іс жүзінде қаншалықты іске асып жатқанына хабардарсыз ба?

— Курс әдістемесін сағат бесеке дейін оқытып болған соң, мен жергілікті ауруханаларға барып, тәжірибеде қаншалықты іске асып жатқанын қадағалаймын. Толығырақ айтқанда, бірінші күні осындағы медициналық жабдықтардың қолдану ресурстарымен таныстырып, сол күні кешке оның жұмыс барысында нәтиже беріп жатқанына куәгер болдым. Мәселен, екі күн бұрын салмағы бар жоғы 700 грамм тартатын шақалақтың аппаратта қажетті айла-амалдарды жасау арқылы өмірін сақтап қалдық. Әрине, ондай сәттерде еңбегіміздің зая кетпей жатқандығына қуанамын. Ауыр халге түскен балалардың өмірін сақтап қалу үшін кейде қашықтықтан ақыл-көнесімізді беріп жатамыз. Енді бейнебақылау орнатып, өз бетінше қарастырамыз. Әзірше осындай үлкен пилоттық жобаны біздің орталық Мексика елінде бастап отыр. Мұны біз әріптестікті ынтымақтастықты нығайтудың, тәжірибе алмасудың тағы бір жолы деп қабылдаймыз.

— Тыныс алуды қолдау терапиясына мұқтаж сәбилердің саны бүгінгі күні өткен жылдарға қарағанда өсіп отыр ма?

— Әрине, өсіп отыр. Бірақ, бұл дегеніңіз аурудың өсу санына байланысты емес, қазіргі медицина мүмкіндіктерінің кеңейіп отырғандығына дәлелі. Бұрын ауыр науқас балалардың өмірін сақтап қалу жолдары жоқтың қасы болатын. Ал қазір жоғары сапалы технологиялар мен дәрігерлердің кәсіби шеберлігінің арқасында оларға екінші өмірге жолдама беріліп отыр.

— Осы салада білікті маман болу үшін ең басты үш қасиетті атаңызшы?

— Менің ойымша, әрбір дәрігер ең бірінші өз мамандығын жан-тәнімен сүйе білуі, екіншіден, осы саладағы білімі мен тәжірибиесін жоғарғы деңгейге жеткізуге ұмтылуы, ал үшіншіден, дәрігер болу бұл мамандық емес, бұл — сенің адам алдындағы борышың екендігін сезінуің деп айтар ем. Өмір мен өлімнің ортасында жатқан сәбидің

жаңадан тыныс алып, қалыпты өмірге келген сәтін көру — мен үшін үлкен бақыт. Осы орайда дәрігерлер арасында қалыптасқан мынадай сөз есіме түсіп отыр: «Жаратқан ие дәрігердің қолымен адамға өмір сыйлайды». Мүмкін біз тылсым күшпен шынайы өмірдің арасындағы делдалдар шығармыз. Сондықтан осындай үлкен жауапкершілікті алып жүруге лайықты болуымыз керек.

— Шынымен де, дәрігерлерге жүктелген жүк ауыр. Олар 1,5 тіпті 2 мөлшерлемеге жұмыс істеп келеді. Осындай жұмыс кестесі олардың қызметінің сапасын төмендетпейді ме? Сіздің ойыңызша, бұл мәселенің шешу жолдары қандай?

— Сөзсіз төмендетеді, адамның белсенді жұмыс істеу қабілеті шексіз емес. Менің ойымша, бұл фактордың туындауына екі себеп ықпал етіп отыр: атап айтқанда, жалақының төмендігі мен кадрлардың тапшылығы. Мойындау керек, еңбекақысы аз, әрі жауапкершілігі жоғары мамандықты кез-келген жастар тандай бермейді. Ал қызмет етіп жүрген мамандар айлықтарын көтеру үшін жұмыс істеу сағатын қосымша алып жатады. Не болмаса, олардың қосымша жұмыс істеуіне кадрлардың жеткіліксіздігі де әсер етіп отыр. Осындай қалатты дәрігер өз отбасына қажетті көңіл бөле алмайды, оның соны ерлі-зайыптылардың ажырасуына әкеп соқтырады. Сондықтан, дәрігерлерді қаржылық тәуелсіздікке жеткізе отырып, жастарды осы мамандыққа шақыруымыз керек. Өйткені, бұл мәселе әлеуметтік сипатқа ие. Мұндай жағдай Ресейде де орын алуға. Алайда уақытта Қазақстанда да дәрігерлер біздің шетелдік әріптестеріміз сияқты күніне 8 сағат өнімді қызмет етеді деген сенімдемін.

— Әңгімеіміздің соңында өз тарапыңыздар қосар ой-тілектеріңіз бар ма?

— Қазақ елінің болашағы жарқын екендігіне шүбә келтірмеймін. Бұдан зор көркейіп, өркендей беріңіздер. Осы орайда біздің курсымызды ұйымдастырған денсаулық сақтау басқармасына алғысым шексіз. Курстың жергілікті әріптестерімен бірге жұмыс істейтін пайдалы болуына атсалыстық деп ойлаймын. Біздің тәжірибемізді іс жүзіне асыру енді мұндағы жас мамандардың еншісінде. Адам миы ол толтырып қоятын стақан емес, ол шам. Сол шамды жаға алсақ, біз өз міндетімізді орындадық деп есептеймін.



Мадияр ӘШКЕЕВ, кәсіпқой боксшы:

WBC РЕЙТИНГІНДЕГІ ҮЗДІК БОКСШЫЛАРМЕН ЖҰДЫРЫҚТАСУДЫ КӨЗДЕЙМІН

Өмірінде бірде-бір рет жеңіліп көрмеген кәсіпқой боксшы Мадияр Әшкеев елге оралды. Жуырда жеңіп алған WBC белбеуін ел Тәуелсіздігі құрметіне арнаған спортшы «Қазақ үні» газетіне арнайы сұхбат берді.

— Мадияр, кезекті жеңісің құтты болсын!
— Рахмет!
— Ең әуелі өзіңнің туған жерің, өскен орган туралы білсек...

— Жамбыл облысы Меркі ауданында 1988 жылы 30-шілдеде дүниеге келдім.
— Бала Мадияр қандай еді?
— Мен өте момын бала болдым. Тіпті, 10-шы сыныпқа дейін бойым аласа, салмағым аз болды. Ешкімге өздiгiнен соқтықпайтын, сабақ пен жаттығудан қалмайтын тәртіпті бала едім. Әкеміз бізге үнемі «үлкенге ізет, кішіге құрмет» көрсету қажеттігін жадымызға құйып өсірді.

— Спортқа келуіңе кім түрткі болды?
— Бала кезімде шымыр емес, керісінше, әлжуаздау едім. Осыған алаңданған ата-анам мені он екі жасымда боксқа берді. Мұндағы мақсат — өз-өзің қорғауды үйренсе деген ой. Мені боксқа аталас ағам бапкер Ғани Әшкеев өзі жетектеп ертіп барды. Ғ.Әшкеев СССР-дің спорт шебері, СССР-дің Ұлттық құрама командасындағы өте талантты боксшылардың бірі-тін. Жақында ғана өзі баулыған ұлы Қазақстан чемпионы Жексен Бейбарыс Азия чемпионы атанды. Мұның бәрі, әрине, ағамыздың еңбегінің жемісі.

— Демек, өзінді де боксқа баулыған ағам ғой...

— Боксқа әуел баста өз-өзіңді қорғауды үйренемін деген ниетпен келгенімді айттым. Кейін шындала бастадым. Аудандық, қалалық жарыстардан жүлдемен оралып жүрдім. Тіпті, халықаралық додаларда бақ сымнап, топ жара бастадым. Жастар арасындағы Қазақстан чемпионы атандым. Осындай жетістіктеріңді

көрген соң, болашағымнан зор үміт күткен Ғани ағам мені 2004 жылы Алматы қаласындағы Қаркен Ахметов атындағы Олимпиадаға арнайы ізбасарлар дайындайтын республикалық мамандандырылған мектеп-интернатына оқуға алып келді. Мұндағы мақсат — Қазақстанның олимпиада чемпионы атану еді. Осы мектеп интернатта біліміңді жетілдіріп, кәсіби маман ретінде қалыптастым.

— Қазақ спортының бүгінгі даму деңгейі көңіліңнен шыға ма?

— Меніңше, еліміздегі спорттың барлық түрі өз деңгейінде дамып келеді. Оның ішінде кәсіпқой бокстың жоғары деңгейден көрініп жүргенін көрермен қауым жақсы біледі деп ойлаймын. Осыдан төрт жыл бұрын шеберлігімді шыңдау мақсатында Америка Құрама Штатына өз күшімнен кеткен едім. Бүгінде Аллаға, шүкір жеткен жетістіктеріңді өздеріңіз жақсы білесіздер.

Мен өзім сияқты боксты жанына серік еткен жастардың да біразының Америкада жаттығуына септігіңді тигіздім. Яғни, олардың америкалық промоутерлермен байланыс орнатуына, әрқайсысының биіктен көрінуіне ықпал етіп келемін. Болашақта ойға алған жоспарларымды жүзеге асырып, қазақтың кәсіпқой бокстан бұдан да биік шыңдардан көрінуіне үлес қосамын деген ойдамын.

— Соңғы өткен аргентиналық Родольфо Мартинеспен жекпе-жегің туралы оқырман қауым толығырақ біле отырса...

— Менің ақырғы жекпе-жегіме шығатын қарсыластарым бірнеше рет ауысты. Соған қарамастан, рингте бар өнерімді көрсетіп, аргентиналық Родольфо Мартинесті жеңу керек болды. Оңайға соққан жоқ. Оны үш рет нокаутқа түсірген соң, Мартинес жекпе-жекте жалғастырудан бас тартты.

— WBC белбеуі өзіңе қандай жауапкершілік жүктейді?

— Әрбір жетістіктің өзіндік салмағы бар.

Мәселен, WBC белбеуін мен әрбір төрт айда қорғап тұруға міндеттімін.

— Мадияр өзінді еліміз бірде-бір рет жеңіліс дәмін татпаған кәсіпқой спортшы ретінде біледі. Үнемі жеңіс тұғырынан көрінуіңің сыры неде?

— Оның ешқандай құпия сыры жоқ. Ең бастысы — тыңғылықты дайындық. Сонымен қатар, дұрыс ұйықтау, дұрыс тамақтану және де психологиялық тұрғыдан мықты болу. Дұрыс жетілдіріп отыруға тырысамын.

— Күні бүгінге дейін өзіңнің еншіңде он төрт жеңіс пен жеті нокаут бар екені белгілі. Қай жеңісің саған қиындыққа түсті?

— Кәсіпқой бокста кез-келген боксшымен жұдырықтасу оңайға түспесі анық. Ешбір жеңісімді оп-оңай келе қалды дей алмаймын. Әрбір доданың өз жауапкершілігі бар. Қарсыласпен кездесуге дейінгі жаттығулардың бәрінде қаншама тер төгуге тура келеді.

— Алдағы жоспарларың қандай?

— Жаттығуда әрі қарай жалғастырамын. Қазіргі спорттық деңгейді жоғалтпау керек. Ендігі жоспарым — келер жылы WBC рейтингіндегі үздік елу боксшымен жұдырықтасу. Командам осы бағытта жұмыс атқаруда. Басты мақсатым — чемпион атану. Кәсіпқой бокста бұдан да биік шыңдарды бағындырып, қазақ атын әлемге одан әрі таныту.

— Спортта жұлдызың жарқырап жану үшін де зор қолдау қажет екені белгілі. Ал өзіңнің демеушілерің кімдер?

— Басты қолдаушым — Алла деп санаймын. Жаратқан иеміздің қолдауымен, ағайын-туыстың демеуімен осындай деңгейге жетіп отырғанымға шүкіршілік айтамын. Сондай-ақ, маған ешқандай келісім-шартсыз үнемі қолдау көрсетіп отыратын Қайрат есімді ағам бар. Ол кісіге деген ризашылығым шексіз.

— Рингке шыққанда сенің нендей нәрсе жігерлендіреді?

— Мен үнемі рингке қазақтың рухын оятып, жігер беретін әндерін тыңдап алып барып шығамын. Қарсыласпен бетпе-бет келгенде қазақ ұлтының мықты екенін, бойымда батыр бабаларымның қаны бар екенін көрсетіп жеңуді ғана көздеймін.

— Егер сен спорт министрі болсаң, еліміздегі спорт саласына қандай өзгерістер әкелген болар едің?

— Министр болайын, болмайын тек халқыма адал еңбек еткім келеді. Ал егер министр атану бұйырып жатса, ең бірінші қазақтың қарақөз балаларын өздері қалаған спорт түрлеріне баулып, қазақ халқының әлемдегі ең мықты халықтың бірі екенін дәлелдейтіндей етіп асыруға, тәрбиелеуге күш салар едім. Жалпы, еліміздің азаматы ретінде пікірім де ұстанымым да осы.

— Шетелде жүргенде туған еліңнің қандай дәмін ерекше сағынасың?

— Қазақ болған соң әлбетте ең бірінші етті сағынамын (*күлін*). Мен үшін қазағымыздың қазы-қартасы мен жал-жаясына жетер дәмді тағам жоқ.

— Егер құпия болмаса, отбасылық өміріңмен де оқырмандарымыз таныс болса...

— Аллаға шүкір, жанымды ұғынатын Қарлығаш есімді аяулы жарым бар. Ол да Жамбыл облысы Меркі ауданының тумасы. Екеуіміз бірге Алдияр, Томирис, Аделя есімді балапандарды тәрбиелеп, өсіріп келеміз. Ұл-қыздарымыздың барлық жағдайын жасап, менің спортпен алаңсыз айналысуыма мүмкіндік туғызып отырған асыл жарыма айтар алғысым шексіз.

— Әңгімеңе рахмет! Алар асуың қашан да биік болсын!

— Айтқаныңыз келсін!

Сұхбаттасқан:
Гүлмира БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Редакторлар кеңесінің төрағасы –
Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары –
Зейнолла АБАЖАН
Бас редактордың орынбасары –
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ

Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ
Бөлім редакторлары:

Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Астана тілшілер қосыны:

Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
(8-702-931-89-86)
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)

Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)

Алматы облысы:
Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)

Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)

Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)

Батыс Қазақстан облысы:
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
(8-701-111-61-05)

Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

Сәтбаев қаласы:
Абдолла ДАСТАН
(8-71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)

Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)

Маңғыстау облысы:
Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)

Түркістан облысы:
Әбдіғәппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)

Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

**Атқарушы директор –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН**

Тарату бөлімі:

Астанада:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)

Шымкентте:
Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш» (87015728847)
дүңгіршіктерінде сатылады

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген.**

**Күәлік №13976-Г (Алғашқы күәлік
№1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).**

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.

Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.

«Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3

ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com
www.qazaquni.kz

**Кезекші редактор –
Зейнолла АБАЖАН**

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784
ИИК KZ50856000000038541

АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК КСВКЗКХ, Кбе 17

Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында
басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 ай	қала	379,24	3 ай	қала	1137,72	6 ай	қала	2275,44	12 ай	қала	4550,88
1 ай	ауыл/аудан	397,86	3 ай	ауыл/аудан	1193,58	6 ай	ауыл/аудан	2387,16	12 ай	ауыл/аудан	4774,32